

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV Заңы.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "курсанттарын", "Курсанттың", "курсанттары", "курсант", "курсанттарды" деген сөздер тиісінше "курсанттарын, тыңдаушыларын", "Курсанттың, тыңдаушының", "курсанттары, тыңдаушылары", "курсант, тыңдаушы", "курсанттарды, тыңдаушыларды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 13.11.2015 № 398-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша:

"арнаулы (әскери)", "Арнаулы (әскери)" деген сөздер тиісінше "әскери, арнаулы", "Әскери, арнаулы" деген сөздермен ауыстырылды;

"Әскери-медициналық бөлімшелер", "әскери-медициналық бөлімшелерінде және мекемелерінде", "әскери-медициналық бөлімшелер", "әскери-медициналық бөлімшелерде", "әскери-медициналық бөлімшелердің" деген сөздер тиісінше "Әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер", "әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде", "әскери-медицинскандық (медицинскандық) бөлімшелер", "әскери-медицинскандық (медицинскандық) бөлімшелерде", "әскери-медицинскандық (медицинскандық) бөлімшелердің" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "мүгедектер", "мүгедек баланы (мүгедек балаларды)", "мүгедек баласы (мүгедек балалары)", "мүгедек (мүгедектер)", "мүгедекке", "мүгедек болған қызметкердің", "мүгедек", "мүгедек балалары", "1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің" деген сөздер тиісінше "мүгедектің бар адамдар", "мүгедектің бар баланы (мүгедектің бар балаларды)", "мүгедектің бар баласы (мүгедектің бар балалары)", "мүгедектің бар адам (мүгедектің бар адамдар)", "мүгедектің бар адамға", "мүгедектік алған қызметкердің", "мүгедектің бар адам", "мүгедектің бар балалары", "1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектің бар адамдардың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 27.06.2022 № 129-VII

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының (бұдан әрі – арнаулы мемлекеттік органдар) мәртебесін айқындайды, арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке түруға, оны өткеруге және тоқтатуға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің құқықтық жағдайын, материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуын айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР 13.11.2015 № 398-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) адъюнкт – жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шет мемлекеттің білім беру ұйымына халықаралық шарттарға сәйкес оқуға жіберілген қызметкер;

2) арнайы жиындар – арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметтік-жауынгерлік даярлығы жөніндегі іс-шаралар;

3) арнаулы атақ – қызметкерге берілетін арнайы айырым белгісі;

3-1) әскери, арнаулы оқу орындары – арнаулы мемлекеттік органдардың жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары;

4) арнаулы киім нысаны – қызметкерлердің Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне тиесілігін айқындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысанды киім (киім-кешек) және айырым белгілері;

5) арнаулы мемлекеттік органдың қызметкерлері (бұдан әрі – қызметкерлер) – ұлттық қауіпсіздік органдарында, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет атқарып жүрген, арнаулы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

6) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет – ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдардағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіндегі лауазымдардағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі;

7) арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы есебі – кадр қызметкерлерін есепке алу және талдау жүйесі;

8) арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлерін есепке алу – арнаулы мемлекеттік органдардың әскери міндеттілері (офицерлік құрам) мен басқа да

жұмылдыру ресурстарының сандық және сапалық деректерін есепке алу мен талдау жүйесі;

9) арнаулы мемлекеттік органдардың запасы (бұдан әрі – запас) – қызметтен шығарылған (теріс себептер бойынша шығарылғандарды қоспағанда) және аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарында және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда арнаулы мемлекеттік органдар запастағы офицерлерінің есебінде тұратын, арнаулы мемлекеттік органдарды толықтырып жасақтауға, жұмылдырушылық өрістетуге және олардың шығынының орнын толтыруға арналған қызметкерлер;

9-1) еңбек сіңірген жылдары – қызметкердің күнтізбелікпен де, жеңілдікпен де есептеп шығарылатын, әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда болу ұзақтығы;

10) Жоғары аттестаттау комиссиясы – арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тізбеге сәйкес басшы құрамның лауазымды адамдарын олардың атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігі және оларды одан әрі неғұрлым орынды қызметтік пайдалану перспективалары туралы аттестаттау қорытындылары мен ұсынымдарын, аттестаттау комиссиясының қорытындыларымен және ұсынымдарымен келіспейтін қызметкерлер шағым жасау тәртібімен ұсынған аттестаттауларды, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік орган бірінші басшысының нұсқауы бойынша Жоғары аттестаттау комиссиясының қарауына шығарылған аттестаттауларды қарайтын, тұрақты түрде жұмыс істейтін жоғары консультативтік-кеңесші орган;

11) курсант – жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнында білім алып жатқан немесе халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің білім беру ұйымына оқуға жіберілген қызметкер;

12) қолданыстағы резерв – арнайы жедел тапсырмаларды орындау үшін ерекше тәртіппен қызмет өткеру;

13) қызмет өткеру туралы келісімшарт (бұдан әрі – келісімшарт) – тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

13-1) магистранттар және докторанттар – әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан қызметкерлер;

14) отставка – қызметкерлерді арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығару немесе запаста болудың шекті жасына жеткендерді арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлері есебінен алып таставу не арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлері есебінен алып татай отырып, қызметтен шығару;

15) полиграфологиялық зерттеу – адамның жекелеген физиологиялық реакцияларын (тыныс алу, жүрек соғуы, терінің тітіркенуі және тағы басқалары) арнайы датчиктердің көмегімен тіркеуден тұратын жауап алу рәсімі;

16) психофизиологиялық күзметтердің куәландыру – арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кандидаттардың, олардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жеке психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерін жан-жакты бағалауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

16-1) тыңдаушы – қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнында білім алғып жатқан немесе халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің білім беру ұйымына оқуға жіберілген қызметкер;

17) уәкілдегі басшы – осы Зандада белгіленген тәртіппен қызметкерлермен келісімшарт жасасу, оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру, қызметтен босату, шығару, оларға арнаулы атақ беру (жеке құрам бойынша бұйрықтар), сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеруді тағайындау, тоқтата тұру және ұзарту туралы бұйрықтар шығару құқығы берілген лауазымды адам;

18) ұйымдастырушылық-штаттық іс-шаралар – арнаулы мемлекеттік органдарда штаттарды құру, тарату, орын ауыстыру, қайта жасақтау, бағыныстырының өзгерту, ұлғайту және қысқарту бойынша жүргізілетін іс-шаралар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық негізі

1. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Занд, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының зандары, сондай-ақ осы Зандға қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар

1. Арнаулы мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету күштерінің құрамдас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төнуіне жол бермеу мақсатында барлау және қарсы барлау қызметін, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен обьектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастыруышлық, жедел іздестіру және техникалық шаралар кешенін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар.

2. Арнаулы мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздік органдары, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жатады.

Арнаулы мемлекеттік органдардың жанынан консультативтік-кеңесші органдар құрылуы мүмкін, олардың ережесі мен құрамын арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Арнаулы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері

Арнаулы мемлекеттік органдарға негізгі міндеттер заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктеледі.

5-бап. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің қағидаттары

1. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қағидаттары негізінде, сондай-ақ:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;

2) арнаулы мемлекеттік органдарда қызметті ұйымдастыруға көзқарастардың біртұтастығы;

3) дара басшылық пен субординация (бағыныстылық);

4) қызметтің жария және жария емес әдістері мен құралдарының ұштасуы;

5) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу;

6) құпиялыштық және жасырындылық негізінде жүзеге асырылады.

6-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші барлық қызметкерлерге қолданылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері осы Заңның 7, 10 (11-тармағын қоспағанда), 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 24, 30 (8-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда), 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 50, 75, 77 (4-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда) және 85 (4-2-тармағын қоспағанда)-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер осы Заның 7, 15, 16, 17, 18, 19, 24, 34 және 75-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер осы Занда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес әскери қызмет өткереді.

Осы Заның құші Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік саяси қызметшілерге қолданылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.16 № 71-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тaraу. АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА ҚЫЗМЕТКЕ ТҮРУ

7-бап. Қызметке қабылдау шарттары

1. Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке жасы он сегізге толған, бірақ осы Занда белгіленген атақтар бойынша шекті жастан аспаған, қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттері, білім деңгейі, денсаулық жағдайы мен дene бітімінің даму жағдайы бар Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Жедел бөлімшелерге қызметке жасы 23-тен кіші емес азаматтар (курсанттарды, тындаушыларды қоспағанда) қабылданады.

Бөлімшелерді жедел және оған теңестірілген бөлімшелерге жатқызууды арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары белгілейді.

2. Қызметке:

1) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін сырқаты бар;

3) қызметкердің қызметте болуына байланысты занда белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

4) алып тасталды – ҚР 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) қызметке тұрар алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін мемлекеттік қызметші ретінде алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, қызметке тұрар алдындағы алты жыл ішінде әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған;

6-1) қызметке тұрғанға дейін өзіне қатысты алты жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қызметке тұрғанға дейін алты жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

7) сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

8) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан (қызметтен) шығарылған;

9) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де арнаулы мемлекеттік органдардан, құқық қорғау органдарынан теріс себептермен шығарылған, сондай-ақ судья өкілеттігін теріс себептермен тоқтатқан адам қабылданбайды.

Осы тармақшаның бірінші белгінің күші теріс себептермен қызметтен шығару және өкілеттігін тоқтату белгінде:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан;

қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты қызметтен шығарылған адамға қолданылмайды, ол осындей шығарудан кейін бес жыл өткен соң арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге құқылы;

10) арнайы тексеруден өтпеген және (немесе) өзі не өзінің ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілдері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері немесе зайыбы (жұбайы) және

оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

11) ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері не зайыбы (жұбайы) немесе оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған;

12) қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда психофизиологиялық немесе медициналық куәландырудан немесе полиграфологиялық зерттеуден өтпеген адам қабылданбайды.

Арнаулы мемлекеттік орган кандидатқа қызметке қабылдаудан бас тартудың анықталған себебін түсіндірмеуге құқылы.

3. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке қабылданатын азаматтар қызметке жарамдылығын айқындау үшін міндетті түрде әскери-дәрігерлік комиссияларда психофизиологиялық және медициналық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтеді. Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

4. Алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 412-V (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Әскери немесе құқық қорғау қызметін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткерген азамат арнаулы мемлекеттік органға қызметке кірген кезде әскери немесе құқық қорғау қызметінен не арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған күнінен бастап арнаулы мемлекеттік органға қызметке қабылданған күніне дейін үш айдан аспаса, оның көрсетілген кезенде өзге де жеке және занды тұлғалармен еңбек қатынастары болмаған жағдайда қызметте болуы үзіліссіз деп есептеледі. Бұл ретте көрсетілген кезең лауазымдық айлықақыны айқындау үшін өтілін және (немесе) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде есепке жатқызылмайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 412-V (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-

VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бап. Қызыметке кандидаттарды іріктеу және қабылдау

1. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызыметке қабылданатын кандидаттарды іріктеуді, оларды тексеруді арнаулы мемлекеттік органдардың кадр және өзге де бөлімшелері жүзеге асырады.

Қызыметке кандидаттарды іріктеу және қабылдау іс-шараларын ұйымдастыруды, өткізу тәртібін және әдістемесін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

2. Қажетті құжаттардың тізбесін, оларды ресімдеу тәртібін, сондай-ақ тексеру жүргізу мерзімдерін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

3. Қызыметке кандидат білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, дене бітімі дайындығы мен денсаулық жағдайы бойынша тиісті арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілеген талаптарға сай болуға тиіс.

4. Кандидатты медициналық куәландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Кәсіби-психологиялық іріктеу бойынша іс-шараларды психологиялық-әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары жүргізеді. Бұл ретте кандидаттың жеке, тұлғалық, кәсіби сипаттамаларының арнаулы мемлекеттік органдардағы қызыметке қойылатын талаптарға сәйкестігі айқындалады.

6. Кандидаттың келісімшарт бойынша қызыметке тұру үшін белгіленген талаптарға сай келетін құжаттарын құрылымдық, аумақтық және өзге де бөлімшелер бағалау үшін тиісті арнаулы мемлекеттік органға жібереді.

Қажет болған жағдайда, кандидат кәсіби жарамдылығын тексеру үшін тиісті арнаулы мемлекеттік органға шақырылуы мүмкін.

7. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызыметке қабылдау, әдетте, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурстық негізде орналастырылатын лауазымдар тізбесін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

8. Конкурсқа қатысу үшін келген азаматтың кандидатурасын құрылуы мен жұмыс тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейтын конкурстық комиссия қарастырады.

Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

9. Конкурстық комиссияның оң қорытындысы келіп түскен кезде уәкілетті басшы кандидатпен келісімшарт жасасады, қажетті материалдарды ресімдейді және оларды жеке құрам бойынша бұйрық шығару үшін тиісті арнаулы мемлекеттік органға жібереді.

10. Тиісті арнаулы мемлекеттік орган конкурс нәтижелері туралы құжаттарды алғаннан кейін іріктеліп алынған кандидаттарға қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы жеке құрам бойынша екі ай ішінде бұйрық шығарады.

11. Арнаулы мемлекеттік органдарға офицерлік құрамдағы адамдарды қызметке қабылдау арнаулы мемлекеттік органдар басшыларының бұйрықтарымен ресімделеді.

12. Конкурстық іріктеуден өтпеген азаматтарды лауазымға қабылдаған лауазымды тұлғалар осы Занда белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

13. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіретін адамдар қызметкердің қызметте болуына байланысты занда белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды, олар жазбаша нысанда тіркеледі.

14. Курсанттарды, тыңдаушыларды қоса алғанда, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің лауазымына тағайындалған немесе кадрына қабылданған әскери қызметшілер белгіленген тәртіппен әскери есептен алынады және арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы есебіне қойылады, олардың тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-бап. Келісімшарт

Ескерту. 9-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Келісімшартты Қазақстан Республикасының азаматы уәкілетті басшымен жасасады.

2. Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарааптың арасында жазбаша жасалады және өз қолданысын:

- 1) мерзімінің аяқталуы бойынша;
- 2) қызметкердің мерзімінен бұрын қызметтен шығарылуына байланысты;
- 3) қызметкер басқа келісімшартты жасасқан күннен бастап;

4) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатады.

3. Келісімшартта азаматтың қызметке түруының еріктілігі, азаматтың қызметті өткеруге міндеттенетін мерзімі мен келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

4. Келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткери міндетін қамтиды. Келісімшарттың

талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, оның құқықтарының сақталуын көздейтін нормалар қамтылады.

5. Лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған қызметкерлер келісімшарт жасаспастан тиісті лауазымдағы қызметті өткереді.

Аталған қызметкерлер лауазымынан босатылғаннан кейін қызмет өткеру туралы жаңа келісімшарт жасасады немесе қызметтен шығарылады.

6. Келісімшарттың нысаны, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі осы Заңмен және арнаулы мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

7. Қызметті өткеру туралы келісімшарт:

- 1) үш жылға;
- 2) бес жылға;
- 3) он жылға;
- 4) қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін;

5) курсанттар, тыңдаушылар үшін – әскери, арнаулы оқу орнында не шет мемлекеттің білім беру үйіндегі оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін құнтізбелік есептеумен он жыл қызметке;

6) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан қызметкерлер үшін – әскери, арнаулы оқу орнында не шет мемлекеттің білім беру үйіндегі оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін құнтізбелік есептеумен бес жыл қызметке жасалуы мүмкін.

Қызметкер жүктілікке және баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста немесе бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болған уақытта қолданыстағы келісімшарттың мерзімі өткен жағдайда, қызметкер демалыстан шықканнан кейін екі ай ішінде осы Заңда айқындалатын тәртіппен жаңа келісімшарт жасасады немесе қызметтен шығарылады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

10-бап. Қызметкерлерді білім беру үйімдарына оқуға іріктеу, қабылдау және жіберу

1. Әскери, арнаулы оқу орындарына немесе шет мемлекеттердің білім беру үйімдарына оқуға түсуге:

- 1) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша:
әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан аспаған Қазақстан Республикасы азаматтарының;

әскери қызмет не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген Қазақстан Республикасы азаматтарының және әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толғанға дейін;

келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүрген қызметкерлердің оқуға түсетін жылы жиырма бес жасқа толғанға дейін;

2) қысқартылған оқу мерзімінен жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, әскери, арнаулы атақтары, офицерлік құрамның сыныптық шендері бар адамдарды қоспағанда, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасы азаматтарының оқуға түсетін жылы кемінде жиырма екі жасқа толғанға дейін;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша офицерлік құрам қатарынан жоғары білімі бар қызметкерлер мен әскери қызметшілердің құқығы бар.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың офицерлік құрамы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық корғаныс университетіне кадр органдарының жіберуі бойынша оқуға түсуге құқығы бар.

3. Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына қабылдау тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшысы белгілейді.

4. Халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарына оқуға іріктеу және жіберу тәртібі арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрығымен белгіленеді.

5. Курсанттың, тыңдаушының қызметтік міндеттерді атқарудың басталуы болып олардың әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған күні есептеледі.

6. Әскери қызмет өткермеген азаматтар әскери, арнаулы оқу орындарына қабылданған немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарына оқуға жіберілген кезде қызметкерлер мәртебесіне ие болады және олар он сегіз жасқа толғаннан кейін, бірақ кемінде бірінші курсты бітірген соң келісімшарт жасасады.

7. Қызметкерлер әскери, арнаулы оқу орындарына қабылданған не шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарына оқуға жіберілген кезде жаңа келісімшарт жасасады.

8. Әскери қызмет өткерген, сондай-ақ келісімшарт, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген азаматтар әскери, арнаулы оқу орындарына қабылданған немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарына оқуға жіберілген кезде курсант, тыңдаушы лауазымына тағайындау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап келісімшарт жасасады.

9. Әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға түсken немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарына оқуға жіберілген азаматтар оқу мерзіміне және сонымен бір мезгілде оқуды бітіргеннен кейін қызметкерлер лауазымдаңда күнтізбелік есептеумен он жылға арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

10. Келісімшартта тараптардың (оқуға түсуші азаматтың және арнаулы мемлекеттік органның лауазымды адамының) өзара міндеттемелері мен жауапкершілігі белгіленеді және оқуды бітіргеннен кейін арнаулы мемлекеттік органдарда қызметті одан әрі өткеру шарттары мен мерзімдері көзделеді.

11. Осы Заңда белгіленген тәртіппен келісімшарт жасасудан бас тартқан қызметкерлер әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарынан шығарып жіберуге жатады.

12. Қызметкерлердің әскери, арнаулы оқу орындарында, сондай-ақ шет мемлекеттердің білім беру үйымдарында оқу уақыты мерзімді әскери қызмет өткеру мерзіміне теңестіріледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарынан шығарып жіберілген, сондай-ақ келісімшарт жасасудан бас тартқан қызметкерлер, егер олар әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермесе, тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қоюға жіберіледі және кейіннен жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады.

Бұл ретте үлгермеушілігі үшін, өз бастамасы бойынша, Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына және келісімшарт жасасудан бас тартуына байланысты оқудан шығарып жіберілген, теріс себептермен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар өздерін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті.

Әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарынан Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты шығарып жіберілген, теріс себептермен шығарылған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алған қызметкерлер өздерін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті.

Әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарынан шығарып жіберу Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қызметкерлерді әскери, арнаулы оқу орындарында немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдаңда оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Оқытуға кететін шығындар сомасы келісімшартта және (немесе) шет мемлекеттердің білім беру үйымдарымен білім беру қызметтерін көрсетуге жасалған шарттарда (келісімшарттарда) айқындалады.

13. Қызметкер әскери, арнаулы оқу орнын немесе шет мемлекеттің білім беру үйымын бітіргеннен кейін қызмет өткеруден бас тартқан және осы Заңың 49-бабы 1-

тармағының 5), 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қызметтен шығарылған жағдайда, ол өзін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мемлекетке өтеуге міндетті.

Өтеуге жататын сома келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өткермеген айға пропорционалды түрде есептеледі.

14. Шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарымен білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартта (келісімшартта), егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес білім алушылар үшін көзделген тараптардың (орындаушының және тапсырыс берушінің) өзара міндеттемелері мен құқықтары, қызметкерлердің құқықтарымен міндеттері, оқуға ақы төлеу мөлшері мен тәртібі, оқу мерзімдері және тұру жағдайлары, оқыту, ақшалай, заттай және өзге де ризықпен қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету және сақтандыру мәселелері белгіленеді.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Қызметкерлердің лауазымдарына орналастыруға қойылатын талаптар

Қызметкерлердің лауазымдарына арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітетін арнаулы мемлекеттік орган лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына қарай тиісті орта, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

12-бап. Қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

1. Қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің әскери, арнаулы оқу орындарында, сондай-ақ басқа да білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Білім алушылардың контингентін қалыптастыру, қызметкерлерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейды.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.11.2015 № 398-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Қызметкерлердің ант қабылдауы

1. Мыналар:

1) арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тұрған, бұрын әскери ант немесе қызметкердің антын қабылдамаған адамдар;

2) бұрын әскери ант немесе қызметкердің антын қабылдамаған курсанттар, тындаушылар;

3) бұған дейін қандай да бір себептер бойынша әскери ант немесе қызметкердің антын қабылдамаған арнаулы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары ант қабылдайды.

2. Қызметкерлер антының мәтінін және оны қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Қызметкерлердің антты уақтылы қабылдауына жауаптылық, оны қабылдауды ұйымдастыру және есепке алу арнаулы мемлекеттік органдар бөлімшелерінің басшылары мен кадр аппараттарына жүктеледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тұрған адамдарды кәсіптік бейімдеу

1. Арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тұрған адамдар бөлімшенің жедел-қызметтік әрекеттеріне бейімделуден өтеді.

2. Бейімдеу жөніндегі жұмыс қызметкерлерді атқаратын лауазым талаптарына, жүктелген міндеттерді сапалы орындауға тезірек араластыру, олардың бойында қажетті кәсіптік қасиеттерді тиімді қалыптастыру және арнаулы мемлекеттік органдардың құндылықтары мен корпоративтік мәдениет нормаларын игеруі мақсатында жүзеге асырылады.

3. Қызметкерлердің кәсіптік бейімдеу жөніндегі жұмыс жоспарлы негізде жүргізіледі және тәлімгерлік жұмысты да қамтитын дамыту іс-шаралары кешенінен тұрады.

Қызметкерлердің бейімдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейді.

3-тaraу. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

15-бап. Қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтық кепілдіктері

1. Қызметкерлер мемлекеттік биліктің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Қызметкердің мәртебесіне азamat қызметке тұрған күннен бастап ие болады және қызметтен босатылуына байланысты арнаулы мемлекеттік орган жеке құрамының тізімінен шығарылған күннен бастап одан айрылады.

2. Қызметкерлердің Қазақстан Республикасының занамалық актілерінде көзделген талаптарын (бұдан әрі – занды талаптар) барлық азamatтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

3. Қызметкерлер өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органның басшысына, тікелей және уәкілетті басшыларға ғана бағынады.

4. Қызметкерлердің қызметіне, оған Қазақстан Республикасының заңдарымен тікелей уәкілеттік берілген адамдардан басқа, ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қызметкерлердің қызметіне құқыққа қарсы араласу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарын ғана басшылыққа алуға міндетті.

Басшыларға қызметтік міндеттерін орындауға қатысы жоқ және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен өкімдер беруге тыйым салынады.

Жауынгерлік іс-қимылдарынан, төтенше жағдайлар ахуалында тапсырмаларды орындаудан, сондай-ақ жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын өткізуден басқа жағдайларда, бұйрықтар тек қана жазбаша түрде беріледі.

6. Қызметкерлердің өздеріне қатысты қабылданған шешімдер мен әрекеттерге (әрекетсіздікке) жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

Қабылданған шешімдерді және (немесе) нұсқауларды қызметкерлердің назарына жеткізу арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіletіn арнаулы мемлекеттік органдардың ішкі қызмет жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Міндеттерді атқару

1. Қызметкерлер:

- 1) лауазымдық міндеттер атқарған;
- 2) жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан, төтенше немесе соғыс жағдайлар ахуалында, сондай-ақ қарулы қақтығыстар жағдайларында міндеттер атқарған;
- 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бітімгершілік операцияларына қатысқан;
- 4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жоюға қатысқан;
- 5) оку-жаттығуларға қатысқан;

6) егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындаста, күн тәртібіне белгіленген қызмет уақыты ішінде немесе басқа да уақытта қызметтік объектілердің аумағында, сондай-ақ өзге де орындарда болған;

7) қызметтік іссапарда болған;

8) қызметте, қызмет орнына бару және кері қайту жолында болған;

9) емдеуде немесе медициналық тексеруде (куәландыруды), емдеу немесе медициналық тексеру (куәландыру) орнына бару және кері қайту жолында болған;

10) арнайы жиындардан өткен;

11) тұтқында, кепілге алыну немесе еркінен айрылу жағдайында болған;

12) жеке адамның өмірін, денсаулығын қорғаған;

13) адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қорғау, құқық тәртібін сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен;

14) сот жеке адам, қоғам, мемлекет мұдделерінде жасалған деп таныған өзге де іс-әрекеттер жасаған жағдайларда, қызметтік міндеттерін атқарушы болып есептеледі.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Қызметкерлердің қызмет өткеруге байланысты құқықтары

1. Қызметкерлердің:

1) лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен алуға;

2) өздерінің құқықтары мен лауазымдық міндеттерін айқындайтын құжаттармен танысуға;

3) лауазымдық міндеттерін атқарумен байланысты мемлекеттік органдарға, ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға белгіленген тәртіппен кіріп-шығуға;

4) егер лауазымдық міндеттерін орындау мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді пайдаланумен байланысты болса, белгіленген тәртіппен осындағы мәліметтерге қол жеткізуға;

5) қызметтік іс-әрекет нәтижелері, қызмет өтілі мен біліктілік деңгейі ескеріле отырып, қызметте өсуіне;

6) жеке ісіне енгізілгенге дейін өздерінің қызметтік жұмысы туралы пікірлермен және басқа да құжаттармен, жеке іс материалдарымен (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын арнайы тексеру материалдарын қоспағанда) танысуға, сондай-ақ өздерінің жазбаша түсініктемелерін және басқа да құжаттар мен материалдарды жеке іске қосуға;

7) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен қайта даярлықтан өтуіне және біліктілігін арттыруына;

7-1) арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындастын тәртіппен тағылымдамадан өтуіне;

7-2) уәкілетті басшымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттің білім беру үйимдарына (курсанттар мен тыңдаушылардан басқа) түсіне;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз өмірінің, денсаулығының және мүлкінің, өз отбасы мүшелері өмірінің, денсаулығының және мүлкінің мемлекеттік қорғалуына;

9) қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің дербес деректерінің қорғалуына;

10) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ қызметін өткеруге байланысты жеке дауларды шешу үшін бағыныстырық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаларға, жоғары тұрған органдарға немесе сотқа жүгінуге;

11) медициналық қамтамасыз етілуге және санаториялық-курорттық емделуіне;

12) зейнетақымен қамсыздандырылуға және әлеуметтік қорғалуға;

13) тұрғын үймен қамтамасыз етілуге;

14) қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметінің тиісінше үйимдастырушылық-техникалық және санитариялық жағдайлары жасалуына;

15) осы Занға және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалуына;

16) оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Қызметкерлерге өз құзыреті шегінде өздеріне жүктелген міндеттеріне сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтар беріледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-бап. Қызметкерлердің қызмет өткеруге байланысты міндеттері

1. Қызметкерлер:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сактауға;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етуге;

3) өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

4) арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілетін арнаулы мемлекеттік органдар ішкі қызмет жарғысының талаптарын, сондай-ақ қызмет және еңбек тәртібін сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді қабылдауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

7) басшылардың заңды бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары түрған органдар мен лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

8) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, оның ішінде қызметті тоқтатқаннан кейін де, ол жөнінде қолхат берे отырып, заңмен белгіленген уақыт ішінде сақтауға;

9) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

10) мемлекеттік мұліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) қызметкердің жеке мұддесі өзінің өкілеттіктерімен ұштасатын немесе оларға қайшы келетін жағдайларда, жазбаша нысанда баянат беруге және тікелей және уәкілетті басшыны дереу хабардар етуге;

12) өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға;

13) қызмет мұдделеріне зиян келтіретін жария сөйлеуге жол бермеуге;

14) тікелей басшысына:

шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені;

егер өздеріне белгілі болса, зайыбының (жұбайының) немесе өзінің жақын туыстарының шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті және (немесе) олардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

15) қажетті кәсіби және құқықтық білім, дене күші, арнаулы және жауынгерлік дайындық деңгейін сақтап тұруға міндетті.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың алдына қойылған міндеттерге сәйкес қызметкерлерге өз құзыреті шегінде арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтің реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген өзге де міндеттер белгіленеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Қызметкердің қызметте болуына байланысты қойылатын шектеулер

1. Қызметкердің:

1) өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға, саяси партиялар, кәсіптік одақтар қатарында болуға, қандай да бір саяси партияны қолдап әрекет етуге, арнаулы мемлекеттік органдар жүйесінде өз мүшелерінің енбек, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мұдделерін білдіру мен қорғау және енбек жағдайын жақсарту үшін олардың кәсіптік мұдделерінің ортақтығына негізделген саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл оның лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтерден басқа ақы төленетін қызметпен айналысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ашиқ және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акцияларды) сатып алу және (немесе) өткізу жағдайларын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, коммерциялық ұйымның басшы органдарының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік әрекетін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

6) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерін орындаудына кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруга байланысты жеке және заңды тұлғалардың қызметін жеке мақсаттарда пайдалануға;

8) пайдакұнемдік мақсаттарда, оның ішінде лауазымды немесе өзге адамдармен сөз байласу жолымен өзінің қызмет жағдайын пайдалануға;

9) өзінің жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілдері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері), жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілдері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары және балалары) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты болатын лауазымды атқаруға, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында болуына;

10) психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну және масаң күйде болу фактісін анықтау үшін уәкілетті басшының жолдамасы бойынша медициналық ұйымдарда медициналық куәландарудан өтуден бас тартуға немесе жалтаруға құқығы жоқ.

Куәландырудан өтуден бас тарту немесе жалтару арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығаруға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, қызметкерлауазымға кірісеннен кейін бір ай ішінде коммерциялық ұйымдардағы өзінің меншігіндегі акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлесін) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлікті, өзіне заңды түрде тиесілі ақша, облигациялар, ашық және аралық пайлық инвестициялық қорлардың пайлары, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, қызметін өткеру уақытына сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқару шартын нотариат қуәландыруға тиіс.

Қызметкердің сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен, оның ішінде сыйакы, дивидендтер, ұтыстар, мүлікті жалға беруден және басқа да заңды көздерден табыстар алуға құқығы бар.

2-1. Арнаулы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкерлерге арнаулы тексеру жүргізуге құқылы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арнаулы мемлекеттік органдарға арнаулы тексеру жүргізуге жәрдемдеседі.

3. Осы бапта көзделген шектеулерді сақтамағаны үшін жауаптылық осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Соғыс жағдайы кезеңінде қызметте құқықтық қатынастардың туындауы мен өзгеруі

Соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметте құқықтық қатынастардың туындауы мен өзгеруі ерекшеліктерін және оның жалғастырылуын Қазақстан Республикасының Президенті айқындейды.

21-бап. Қызметкерлердің жауаптылығы

1. Өзінің қызметтік міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік жауаптылықта болады.

2. Көрінеу құқыққа қайшы бүйректы немесе нұсқауды орындау қызметкерді жауаптылықтан босатпайды.

Атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған кезде бұл жөнінде ол өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға жазбаша түрде дерекшелеуден кейін қызметкердің жауаптылығын салынуға мүмкіншілік беріледі. Атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған кезде бұл жөнінде ол өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға жазбаша түрде дерекшелеуден кейін қызметкердің жауаптылығын салынуға мүмкіншілік беріледі.

жағдайда қызметкер, егер оны орындау қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерге әкеп соқпайтын болса, оны орындауға міндетті. Қызметкердің заңсыз өкімді орындауының салдары үшін осы өкімді растаған басшы жауаптылықта болады.

3. Қызметкерлердің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

4. Құқыққа қайшы әрекеттерімен арнаулы мемлекеттік органға келтірілген материалдық нұқсан үшін қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес материалдық жауаптылықта болады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Қызметкерлердің қызметтік қуәліктегі және жетондары

1. Қызметкерлерге олардың жеке басын және өкілеттіктерін растайтын қызметтік қуәліктер және жетондар беріледі.

Куәліктер мен жетондарды беру және пайдалану тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

2. Қызметтік қуәліктің сипаттамасын және жетондардың ұлгілерін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

3. Қызметтік қуәлік адамның арнаулы мемлекеттік органға қатыстылығын, оның лауазымын және арнаулы немесе ескери атағын растайтын құжат болып табылады.

Қызметтік қуәліктер мен жетондарда қажетті қорғалу деңгейі болуы тиіс.

Қызметкердің қызметтік қуәлігі оның қаруды, арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын, қызметкерге Қазақстан Республикасының заңдарында сәйкес берілген өзге де өкілеттіктерді растайды.

23-бап. Қызметкерлердің арнаулы киім үлгісі

1. Арнаулы атақ берілген қызметкерлер бюджет қаражаты есебінен арнаулы киім үлгісімен қамтамасыз етіледі.

2. Арнаулы киім үлгісінің түрлері мен сипатын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Арнаулы киім үлгісімен қызметкерлерді қамтамасыз ету нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

Қызметкерлердің арнаулы киім үлгісін киіп жүру тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

3. Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуына, денсаулық жағдайына немесе штаттың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдардың, жиырма және одан көп еңбек сінірген жылдары болған кезде, ерекше салтанатты және салтанатты арнаулы киім нысанын кию құқығы сақталады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ

24-бап. Кадр құрамы

1. Арнаулы мемлекеттік органдардың кадр құрамын қызметкерлер, әскери қызметшілер және жұмыскерлер құрайды.

2. Қызметкерлер мен әскери қызметшілер арнаулы мемлекеттік органдарда штаттық лауазымдарда, қолданыстағы резервте қызмет өткереді, сондай-ақ запаста бола алады.

Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді қолданыстағы резервке алу мен олардың қызметті өткери тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындаиды.

Арнаулы мемлекеттік органдар жұмыскерлерінің еңбек шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Арнаулы мемлекеттік органдардың кадр құрамына қатысты жеке істер жүргізіледі, оларды ресімдеу, есепке алуды жүргізу және сақтау тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындаиды.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Қызметкерлер құрамы

Қызметкерлер мынадай құрамдарға бөлінеді:

- 1) қатардағы қызметкерлер;
- 2) сержанттар;
- 3) офицерлер.

26-бап. Арнаулы атақтар

1. Арнаулы мемлекеттік органдарда мынадай арнаулы атақтар белгіленеді:

- 1) қатардағы құрам:
қатардағы қызметкер;
- 2) сержанттар құрамы:
кіші сержант;
сержант;
аға сержант;
- 3) кіші офицерлік құрам:
лейтенант;
аға лейтенант;
капитан;

4) аға офицерлік құрам:

майор;

подполковник;

полковник;

5) жоғары офицерлік құрам:

генерал-майор;

генерал-лейтенант;

генерал-полковник.

2. Қызметкерлердің арнаулы атақтарының алдында олардың мыналарға қатыстылығын көрсететін мынадай сөздер қосылады:

1) ұлттық қауіпсіздік органдарына – "ұлттық қауіпсіздік";

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметіне – "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметі";

3) алып тасталды – ҚР 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Запастағы азаматтардың арнаулы атақтарының алдына "запастағы", ал отставкадағыларға – "отставкадағы" деген сөздер қосылады.

4. Арнаулы атақтарда еңбек сініру мерзімдері:

офицерлік құрамға:

лейтенанттарға – екі жыл;

аға лейтенанттарға – үш жыл;

капитандарға – төрт жыл;

майорларға – бес жыл;

подполковниктерге – жеті жыл белгіленеді;

полковниктер мен одан жоғарыларға – белгіленбейді;

қатардағы мен сержанттық құрамға – белгіленбейді.

Оқу мерзімі бес жыл және одан көп болатын әскери, арнаулы оку орындарын немесе шет мемлекеттердің білім беру үйымдарын бітірген қызметкерлер үшін лейтенант арнаулы атағында еңбек сініру мерзімі бір жыл болып белгіленеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Арнаулы атақтарды беру тәртібі

1. Арнаулы атақтар қызметкерлерге дербес беріледі. Арнаулы атақ алғашқы немесе кезекті болуы мүмкін.

2. Қызметкерлерге арнаулы атақтарды:

1) жоғары офицерлік құрамға – Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті;

2) полковникті – арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы;

3) өзге арнаулы атақтарды – лауазымдар номенклатурасына сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындаған лауазымды адамдар береді.

3. Алғашқы арнаулы атақтар болып:

1) офицерлік құрам үшін – лейтенант;

2) сержанттар құрамы үшін – кіші сержант;

3) қатардағы құрам үшін – қатардағы қызметкер саналады.

4. "Лейтенант" арнаулы атағы:

1) офицерлік құрамның арнаулы атағы жоқ, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнын немесе арнаулы мемлекеттік органдардың жіберуі бойынша шет мемлекеттің білім беру ұйымын бітірген немесе оқу мерзімі кемінде алты ай болатын қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған қызметкерге;

2) офицерлік құрамның арнаулы атағы жоқ, тиісті мамандығына ұқсас жоғары кәсіптік білімі бар және штатпен офицерлік құрам атағы көзделген лауазымға келісімшарт бойынша қызметке кірген қызметкерге тиісті лауазымға тағайындалған кезде беріледі.

5. Офицерлік құрамның алғашқы арнаулы атағын қызметкер қызмет өткөріп жүрген арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы береді.

6. "Кіші сержант" арнаулы атағы "кіші сержант" және одан жоғары арнаулы атағы көзделген лауазымға тағайындалатын қызметкерге беріледі. Сержанттар құрамының кейінгі арнаулы атақтары қажетті дайындық деңгейі бар және тиісті лауазымдарға тағайындалған қызметкерлерге, бірақ кемінде он екі айдан кейін беріледі.

7. "Кіші сержант" арнаулы атағы әскери атағы жоқ, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар азаматқа штатпен сержанттық құрам атағы көзделген лауазымға келісімшарт бойынша қызметке кірген кезде, тиісті лауазымға тағайындалған кезде беріледі.

8. "Қатардағы қызметкер" арнаулы атағы арнаулы атағы жоқ азаматтарға:

1) қатардағы құрам лауазымына келісімшарт бойынша қызметке тұрған кезде;

2) әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымына жіберілген кезде беріледі.

9. Запастан қабылданған не Қарулы Күштерден, басқа әскерлерден және әскери құралымдардан ауыстыру тәртібімен қабылданған азаматқа қайта аттестаттау тәртібімен өзінде бар әскери атақтан төмен емес арнаулы атақ беріледі.

Бұрын арнаулы мемлекеттік немесе құқық қорғау органдарында қызмет өткөрген, запастан қабылданған не басқа арнаулы мемлекеттік органдардан ауыстыру тәртібімен қабылданған және арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сынныбы бар

адамдарға қайта аттестаттау тәртібімен арнаулы атақ беріледі. Қайта аттестаттауды өткізу және арнаулы атақ беру тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейды.

Арнаулы мемлекеттік органға тағайындалған адамның өзінде бар жоғары басшы немесе офицерлік құрамның арнаулы, әскери атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы осы Заңның 26-бабы 1-тармағы 5) тармақшасының және 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, ол қызмет өткеретін органға тиесілігін көрсететін тең дәрежедегі арнаулы атаққа сәйкес келеді деп танылады.

Бұрынғы арнаулы, әскери атақта, сыныптық шенде немесе біліктілік сыныбында сінірген еңбегі кезекті арнаулы атақ беру үшін еңбек сініру мерзіміне есептеледі.

Бір арнаулы мемлекеттік орган ішінде қызмет бабымен ауыстырылған қызметкерлер және әскери қызметшілер қайта аттестаттауға жатпайды.

9-1. Бұрын мемлекеттік саяси лауазымдарды атқарған және арнаулы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволары бірінші басшыларының орынбасарынан төмен емес лауазымдарға тағайындалған қызметкерлерге, осы Заңның 27-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның талаптары қолданылмай, атқаратын лауазымы үшін штатта көзделген арнаулы атақ беріледі.

10. Кезекті арнаулы атақ қызметкерге, егер ол тең немесе одан жоғары арнаулы атақ көзделген штаттық лауазымды атқарып отыrsa немесе осы Заңның 33-бабы 4-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес штаттық емес лауазымда қызмет өткеріп жүрсе, алдыңғы арнаулы атақта еңбек сініру мерзімі өткеннен кейін беріледі.

11. Қызметкерде алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде ол кезекті арнаулы атағын алуға ұсыныла алмайды.

12. Алып тасталды - КР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Арнаулы атақтарда еңбек сініру мерзімі арнаулы атақ берілген күннен бастап есептеледі.

14. Сержанттар құрамының лауазымына тағайындау кезінде тиісті даярлықтан өткен қызметкерге арнаулы атақ берілуі мүмкін.

15. Кезекті арнаулы атақ ағымдағы арнаулы атақта еңбек сінірудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін және берілетін атақ мемлекеттік қызметшілерді даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шенберінде Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің әскери, арнаулы оқу орнында, білім беру үйінда білім алып жатқан қызметкердің оқуға түсу алдында атқарған лауазымы бойынша арнаулы атағына сәйкес болған кезде беріледі.

16. Қызметтік борышын үлгілі орындастын, қызмет атқару немесе өзге де қызмет міндеттерін атқару кезінде жоғары кәсіби шеберлік пен ынта-жігер танытқан қызметкерлерге кезекті арнаулы атақ мерзімінен бұрын берілуі мүмкін, бірақ атқарып отырған лауазымдар бойынша көзделген әскери атақтан жоғары болмайды.

Мерзімінен бұрын арнаулы атақ арнаулы атақта белгіленген еңбек сініру мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін, бірақ тиісінше кіші және аға офицерлік құрамның әскери атақтарында қызмет өткерген кезеңінде бір реттен артық берілмейді.

17. Қызметтік, жауынгерлік даярлықта, қызметтік тәртіпті нығайтуда, күрделі техниканы менгеруде жоғары қорсеткіштерге қол жеткізген немесе арнаулы мемлекеттік органның міндеттерін орындаумен байланысты тапсырылған участкедегі міндеттерді үлгілі орындайтын қызметкерге подполковникке дейін, ал ғылыми дәрежесі бар ғылыми-педагогикалық құрамның офицерлеріне полковникті қоса алғанда – атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір сатыға жоғары кезекті арнаулы атақ берілуі мүмкін.

Атқарып жүрген лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір сатыға жоғары кезекті арнаулы атақ қызмет кезеңінде бір реттен артық берілмейді және арнаулы атағында кемінде екі белгіленген еңбек сініру мерзімі өткеннен кейін беріледі.

18. Алып тастаолды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19. Офицерлік немесе сержанттық құрамның арнаулы атағынан айырылған азаматқа (әскери міндеттіге) қатардағы құрамның әскери есебіне бір мезгілде ауыстыра отырып, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті әскери басқару органының бастығы "қатардағы қызметкер" әскери атағын береді.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-1-бап. Жоғары офицерлік құрамның арнаулы атағы

Жоғары офицерлік құрамның арнаулы атағы:

генерал-майор қызметкерге жоғары офицерлік құрам лауазымының алдындағы лауазымда полковник атағында болғанына үш жыл өткеннен кейін және жоғары офицерлік құрамның лауазымында кемінде бір жыл қызмет еткеннен кейін берілуі мүмкін;

генерал-лейтенант кемінде үш жыл генерал-майор арнаулы атағында болған қызметкерге берілуі мүмкін;

генерал-полковник кемінде үш жыл генерал-лейтенант арнаулы атағында болған қызметкерге берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жоғары арнаулы атақ мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

Ескерту. 4-тaraу 27-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-бап. Арнаулы атақты төмендету, одан айыру және арнаулы атағын қалпына келтіру

1. Қызметкердің арнаулы атағы бір сатыға:

1) жоғары офицерлік құрам – Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентімен;

2) офицерлік құрам (жоғары офицерлік құрамнан басқа) – арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысымен;

3) өзге де арнаулы атақтар – лауазымдар номенклатурасына сәйкес төмендетілуі мүмкін.

2. Арнаулы атағы төмендетілген (жоғары офицерлік құрамнан басқа) қызметкердің бұрынғы арнаулы атағы, атқарып жүрген лауазымына қарамастан, арнаулы атағы төмендетілген күннен бастап алты ай өткен соң уәкілдегі басшының бұйрығымен қалпына келтіріледі.

Арнаулы атақтағы еңбек сініру мерзімі арнаулы атақты төмендету түрінде тәртіптік жауаптылыққа тарту күнінен бастап үзіледі және арнаулы атақты қалпына келтіру күнінен бастап қайта жалғасады.

Қызметкердің бұрынғы арнаулы атағын қалпына келтіргенге дейін және оған кезекті арнаулы атақ берілгенге дейін арнаулы атақты қайтадан төмендетуге жол берілмейді, бірақ ықпал етудің өзге де шарасы қолданылады.

Жоғары офицерлік құрамның бұрынғы арнаулы атағын қалпына келтіруді Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған қызметкерлер соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бойынша арнаулы атағынан айырылады.

Қызметкерлерді арнаулы атақтарынан айыруды:

1) жоғары офицерлік құрамға қатысты – Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті;

2) полковникке қатысты – арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы;

3) өзге де арнаулы атақтарға қатысты – лауазымдар номенклатурасына сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындаған лауазымды адамдар жүзеге асырады.

4. Заңсыз соттауға байланысты арнаулы атағынан айырылған азаматқа бұрынғы арнаулы атағы Қазақстан Республикасының заңдарында және басқа да нормативтік

құқықтық актілерінде белгіленген бұрынғы құқықтары мен женілдіктері қалпына келтіріле отырып, оны ақтау туралы шешім қүшіне енгеннен кейін беріледі.

Ескеरту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Қызыметкерлерді лауазымға тағайындау және ауыстыру

Ескерту. 29-бап алдың тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Лауазымға тағайындау тәртібі

1. Қызыметкер арнаулы атағы сәйкес келуге тиіс лауазымға тағайындалады.

1-1. Арнаулы мемлекеттік органдардағы лауазымдар және оларға сәйкес келетін арнаулы және әскери атақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

1-2. Арнаулы мемлекеттік органдардағы типтік емес лауазымдар және оларға сәйкес келетін арнаулы және әскери атақтар тізбесін осы органдардың бірінші басшылары бекітеді.

2. Қызыметкерлермен келісімшарт жасасу, оларды лауазымдарға тағайындау, ауыстыру, босату, шығару, сондай-ақ оларға арнаулы атақтар беру туралы бұйрықтар (жеке құрам бойынша бұйрықтар) шығаруға құқығы бар лауазымды адамдар тізбесін (лауазымдар номенклатурасы) арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

3. Қызыметкерді лауазымға тағайындау білімі мен кәсіби даярлығы деңгейін, оның психологиялық қасиеттерін, денсаулық жағдайын және осы Заңда көзделген өзге де мән-жайларды ескере отырып, жүргізіледі.

4. Қызыметкерлерді лауазымдарға тағайындау қызыметтік әрекетінің тәжірибесі ескеріле отырып, оларды негізгі немесе бір бейінді мамандығы бойынша пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс. Қызыметкерді олар үшін жаңа мамандық бойынша лауазымдарға пайдалану қажет болған кезде, олар осы лауазымдарға тағайындалар алдында тиісті қайта даярлықтан өтуге тиіс.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың бірінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 30.12.2024 № 149-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Офицерлік құрамның атағы бар, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған немесе халықаралық шартқа сәйкес шет мемлекеттің білім беру үйіміна жіберілетін қызыметкер бұрын атқарған лауазымынан босатылады және әскери, арнаулы оқу орнының магистранты не докторантты немесе адъюнкті лауазымына тағайындалады.

Офицерлік құрамның атағы жоқ, жоғары және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған немесе халықаралық шартқа сәйкес шет мемлекеттің білім беру үйымына жіберілетін қызметкер бұрын атқарған лауазымынан босатылады және әскери, арнаулы оқу орнының курсанты немесе тыңдаушысы лауазымына тағайындалады.

Жоғары және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған немесе халықаралық шартқа сәйкес шет мемлекеттің білім беру үйымына жіберілетін Қазақстан Республикасының азаматы әскери, арнаулы оқу орнының курсанты немесе тыңдаушысы лауазымына тағайындалады.

Әскери, арнаулы оқу орнына қабылданған кезде тыңдаушының (Қазақстан Республикасы азаматының) бұрын өзіне берілген атағы сақталады.

6. Әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру үйымынан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген магистранттар, докторанттар мен адъюнкттер өздерін оқуға жіберген бөлімшелерге бұрын атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға қайтып келеді.

7. Әскери, арнаулы оқу орнындарын немесе шет мемлекеттердің білім беру үйимдарын бітірген қызметкерлер қажетті білім деңгейі бар адамдар алмастыруға жататын және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін арнаулы мемлекеттік органдағы лауазымдар және оларға сәйкес келетін арнаулы атақтар тізбесінде (бұдан әрі – лауазымдар тізбесі) көзделген офицерлік құрам лауазымдарына тағайындалады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскери, арнаулы оқу орнындарын немесе мемлекеттік қызметшілерді даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шенберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттердің білім беру үйимдарын бітірген қызметкерлер оқуды аяқтағаннан кейін бұрын атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға тағайындалады.

Көрсетілген лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған кезде мұндай қызметкерлер даярлық бейіні бойынша ұқсас өзге лауазымдарға тағайындалады (айрықша жағдайларда лауазымға одан әрі тағайындау үшін тиісті бастықтың қарамағына жіберіледі).

8. Лауазымдарға тағайындау кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) сержанттар құрамы және офицерлік құрам атқаруға жататын лауазымдарға тиісті құрамның қызметкерлері тағайындалады.

Аталған лауазымдарға тиісті құрамның қызметкерлерін тағайындау мүмкін болмаған кезде оларға арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейтын тәртіппен төмен тұрған құрамның қызметкерлері тағайындалуы мүмкін;

2) тиісті бастықтардың қарамағына жіберілген қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау осы Заңның 33-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімнен аспайтын, мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізіледі;

3) қызметке жарамдылық санаты туралы өскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы ұсынылады;

4) егер қызметкерге мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсаттама беруден бас тартылған немесе аталған рұқсаттама тоқтатылған жағдайда, ол мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге берілетін рұқсаттамамен байланысты емес лауазымға белгіленген тәртіппен тағайындалады немесе қызметтен шығарылуға жатады;

5) өзара жақын туыстықта болатын қызметкерлерге, олар бір-біріне тікелей бағынысты болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет өткеруге рұқсат берілмейді.

8-1. Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің штаттық лауазымдарына тиісті құрамының қызметкерлерін тағайындау мүмкін болмаған жағдайда оларға жұмыскерлер арасынан адамдар арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейтын тәртіппен, оның ішінде уақытша тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте жұмыскердің лауазымдық айлықақысы ол атқаратын профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің штаттық лауазымы бойынша бекітіледі.

Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің штаттық лауазымдарына уақытша тағайындалған жұмыскерлер осы лауазымдарға қызметкерлер тағайындалған кезде басқа штаттық лауазымдарға тағайындалады, ал оларды көрсетілген лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған жағдайда белгіленген тәртіппен лауазымынан босатылады.

9. Қызметкерлер жоғары тұрған, тең немесе төмен тұрған лауазымдарға тағайындалуы мүмкін.

10. Лауазымдар тізбесінде ол лауазымға бұрынғы лауазым бойынша арнаулы атаққа қарағанда неғұрлым жоғары арнаулы атақ, ал штатта көзделген арнаулы атақтар тең болған жағдайда - біліктілік талаптарының немесе басқару органының неғұрлым жоғары деңгейі сәйкес келсе, лауазым жоғары тұрған болып есептеледі.

11. Қызметкерді жоғары тұрған лауазымға тағайындау қызметі бойынша жылжыту тәртібімен жүргізіледі.

Жоғары тұрған лауазымға өзі қызмет өткеретін органдының атtestatтtaу комиссиясы ұсыным жасаған, қызмет міндеттерін атқару кезінде жоғары кәсіби қасиеттерін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен қызметкер тағайындалады.

12. Лауазымдар, егер оларға тең арнаулы атақ, сондай-ақ тең біліктілік талаптары немесе басқару органдарының деңгейі сәйкес келсе, тең болып есептеледі.

13. Қызметкерді тең лауазымға тағайындау:

1) ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты;

2) қызметкерді қызметте орынды пайдалану үшін;

3) осы Заңың 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайлар болған кезде, келісімшарт бойынша қызмет өткеретін қызметкердің баянатына сәйкес отбасы жағдайы бойынша;

4) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша жүргізіледі.

14. Лауазым, егер оған неғұрлым тәменірек арнаулы атақ, сондай-ақ анағұрлым тәмен біліктілік талаптары немесе басқару органдарының тәменгі деңгейі сәйкес келсе, тәмен болып есептеледі.

15. Тәмен лауазымға тағайындау:

1) қызметкердің келісімімен:

оның даярлық бейініне тең бос лауазым болмаған кезде үйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты;

осы тармақшаның төртінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда, отбасылық-мұліктік жағдайын зерттеп-қарau актісімен расталатын, осы Заңың 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында айқындалған отбасы жағдайы бойынша;

жұбайы (зайыбы) өзге елді мекенде қызмет өткеріп жатқан қызметкердің баянаты бойынша;

әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша;

осы Заңың 33-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында айқындалған мән-жайларды қоспағанда, бастықтың қарамағында болған кезенде;

2) бір сатыдан тәмен емес лауазымға уәкілетті басшы бекіткен аттестаттау комиссиясының ұсынымы бойынша қызметкердің келісімінсіз жүргізіледі.

16. Қызметкерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату, бастықтың қарамағына жіберу, шығару, арнаулы атақ беру, одан тәмендету, айыру кезінде, сондай-ақ жаңа келісімшарт жасасқан кезде арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындастын тәртіпте ұсыну ресімделеді.

Ескеरту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

31-бап. Қызметкерлерді аудитору тәртібі

1. Қызметкерді аудитору – бұл оның лауазымдық жағдайын немесе қызмет орнын өзгерту.

Аудитору:

1) лауазымға тағайындалған;

- 2) іссапарға жіберілген;
- 3) осы Заңың 33-бабы 4-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша бастықтың қарамағына жіберілген;
- 4) әскери, арнаулы оқу орындарына қабылданған;
- 4-1) арнаулы мемлекеттік орган бөлімшелерінің арасында ауыстырылған;
- 5) бір арнаулы мемлекеттік органнан басқасына не Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан құрылымында әскери қызмет өткери көзделген арнаулы мемлекеттік органға және керісінше ауыстырылған;
- 6) бөлімше тұрақты орналасу орнын өзгерткен;
- 7) магистранттар, докторанттар мен адъюнкттер әскери, арнаулы оқу орнынан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген жағдайларда жүргізіледі.

2. Ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылатын бөлімшенің тұрақты орналасу пункті өзгерген, сондай-ақ бөлімшенің тұрақты орналасу пунктіне қарамастан тең немесе жоғары тұрған лауазымға тағайындалған кезде қызметкерді ауыстыру арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы осы құқықты берген уәкілетті басшының шешімімен оның келісімінсіз жүргізіледі.

3. Қызметкерді ауыстыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен істерді және лауазымын тапсырғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Істерді және лауазымын тапсыруды бастауды уәкілетті басшы жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді-көшірме немесе қызметшіні ауыстыру жөнінде жазбаша хабарлама түсken күннен бастап, бірақ хабарлама келіп түсken күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірмей, ал демалыста немесе емделуде жүрген қызметкер үшін – ол келген күннен бастап айқынрайды.

4. Қызметкерлерді ауыстыру қағидаларын арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

32-бап. Лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты қызметкерге ол атқармайтын лауазымға тең немесе одан жоғары лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару:

1) бос (тағайындалмаған) лауазым бойынша – оның келісімімен жүктелуі мүмкін, бұл жағдайда қызметкер атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босатылады, бірақ атқарып отырған лауазымынан босатылмайды және оған міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген лауазымы бойынша ақшалай үлес төленеді;

2) бос емес (тағайындалған) лауазым бойынша – оны атқарып отырған қызметкер уақытша болмаған немесе оны атқарып отырған қызметкерді лауазымынан шеттеткен жағдайда, екі айдан аспайтын мерзімге жүктелуі мүмкін.

2. Қызметкерге бос (тағайындалмаған) лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеуді және оны атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босатуды осы лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам жүзеге асырады.

Бұл ретте қызметкерге жоғары офицерлік құрам алмастыруға тиісті бос (тағайындалмаған) лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Органның бастығы өзі уақытша болмаған жағдайда міндеттерді уақытша атқаруды орынбасарларының біреуіне, олар болмаған кезде басқа лауазымды адамға жүктейді.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

33-бап. Бастықтың қарамағына жіберу

1. Қызметті одан әрі өткери мәселелерін шешу үшін қызметкерлерді лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам бүйректар шығару құқығы бар уәкілетті басшының қарамағына жіберуі мүмкін.

2. Осы баптың 4-тармағында айқындалған жағдайларда және мерзімдерге қызметкерді уәкілетті басшының қарамағына жіберуге жол беріледі.

Қарамағында болу мерзіміне демалыстарда, әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде, ал олар қызмет өткери орны бойынша болмаған немесе оларда тиісті бөлімшелер болмаған жағдайда – медициналық ұйымдарда емделуде болған кезендер есептелмейді.

3. Қарамағында қызметкерлер бар лауазымды адамдар олардың лауазымдық міндеттерінің тізбесін бекітеді.

4. Қызметкер:

1) оны басқа лауазымға тағайындау кезінде уәкілетті басшының қарамағында екі айдан аспайтын мерзімде болу;

2) ұйымдастырушылық-штаттық іс-шаралар (штаттардың қысқаруы) өткізуге байланысты уәкілетті басшының қарамағында үш айдан аспайтын мерзімде болу;

3) қызметкерді тең лауазымға ауыстыру мүмкіндігінің болмауына байланысты уәкілетті басшының қарамағында алты айдан аспайтын мерзімде болу;

4) қызметкерге қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қауалы шығарылуына не қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасын қолдануға байланысты қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін уәкілетті басшының қарамағында болу;

5) мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдарға іссапарға жіберілу;

6) қолданыстағы резервте болу;

7) мемлекеттік қызметшілерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін білім беру бағдарламалары бойынша даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының (осы тармақтың 9) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда) және (немесе) шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында оқу үшін оқу демалысының берілуіне байланысты оқу жоспарында айқындалған мерзімге уәкілетті басшының қарамағында болу;

8) ақшалай ризық сақталмай шетелге қызметке, оқуға жіберілген қызметкер, құқық қорғау органдарының қызметкери немесе әскери қызметші – жұбайымен (зайыбымен) бірге болған кезде қызметкерлердің уәкілетті басшысының қарамағында болу;

9) Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы заңнамасына сәйкес білім алуға байланысты уәкілетті басшының қарамағында болу жағдайларында штаттық емес лауазымдарда қызмет өткериі мүмкін.

Ескеरту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

34-бап. Лауазымнан босату

1. Қызметкер ауыстырылған, қызметтен шығарылған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Занда көзделген басқа да мән-жайларға байланысты атқарып жүрген лауазымынан босатылады.

2. Қызметкерді атқарып жүрген лауазымынан босатуға уәкілетті басшының құқығы бар.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

35-бап. Ресми өкілдер

Арнаулы мемлекеттік органдар өздерінің ресми өкілдерін өзге мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен немесе құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберуі мүмкін.

Ресми өкілдер туралы ережені арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

36-бап. Қызметкерлерді мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдарға іссапарға жіберу

1. Қызметкерлер мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін және зандарда көзделген өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органдарына, сондай-ақ ұйымдарына, егер зандарда өзгеше көзделмесе, олардың бірінші басшыларының келісімімен, не халықаралық шарттар негізінде халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

Іссапарға барған қызметкердің өзі іссапарға барған мемлекеттік органдарының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуы осы Занда айқындалған тәртіппен конкурстық іріктеуден тыс жүзеге асырылады.

Бұл ретте іссапарға жіберілген адамның мэртебесі сақталады, ал бұдан бұрын жасалған келісімшарттың қолданысы тоқтатылмайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлермен жаңа келісімшарттар жасасу осы Занға сәйкес жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлерге арнаулы атақтар беру, оларды мемлекеттік наградалармен наградтау осы Занда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіberілген қызметкерді лауазымға тағайындау немесе қызметтен шығару ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарындағы, ұйымдарындағы және халықаралық ұйымдардағы лауазымдардан босатылғаннан (қызметтен шығарылғаннан) және қызмет өткөріп жатқан арнаулы мемлекеттік органға қайтып оралған соң, осы Занда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

4. Іссапарға жіберілген қызметкерлерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ ұйымдар қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген лауазымдық айлықақылар және арнаулы атақ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлықақылар төленеді.

5. Іссапарға жіberілген қызметкерлерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету олар іссапарға жіberілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының жұмыскерлері үшін айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады

Іссапарға жіberілген қызметкерлерге лауазымдық айлықақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақылар, сыйлықақылар, материалдық көмек төлеу олар іссапарға жіberілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, сондай-ақ ұйымдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі. Өзге де төлемдер, сондай-ақ арнаулы киім нысанымен қамтамасыз ету қызметкерлерді іссапарға жіберген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

6. Халықаралық ұйымдарға іссапарға жіberілген қызметкерлерге, егер халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, халықаралық ұйымдар жұмыскерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген жалақы оларды ұстауға көзделген қаражат есебінен,

сондай-ақ арнаулы атақ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлықақы қызметкерлерді іссапарға жіберген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен төленеді.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ ұйымдарға іссапарға жіберу кезеңінде қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтар, кепілдіктер, жеңілдіктер, өтемақылар, зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау сақталады.

Іссапарға жіберілген қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Біржолғы сипаттағы төлемдер бойынша қызметкер іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы есепке алынады.

8. Қызметкерлерді арнаулы мемлекеттік органдарға іссапарға жіберудің және олардың қызмет өткеруінің ерекшеліктері осы Заңның 36-1-бабында айқындалады.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

36-1-бап. Қызметкерлерді арнаулы мемлекеттік органдарға іссапарға жіберудің және олардың қызмет өткеруінің ерекшеліктері

1. Қызметкерлерді арнаулы мемлекеттік органдарға іссапарға жіберудің және олардың қызмет өткеруінің ерекшеліктері арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Іссапарға жіберілген қызметкерлерге лауазымдық айлықақылар, қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақылар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да ұстемеақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақылар, сыйлықақылар, материалдық көмек, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғынжайды ұстауға және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған ақшалай өтемақы, бір елді мекеннен арақашықтығы бір жұз километрден асатын екінші бір елді мекенге көшуге байланысты болатын қызмет бабымен ауысу кезінде қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтерме жәрдемақы төлеу, қызмет бабымен ауысу кезінде жеке мүлкін тасымалдау шығындарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқынтайтын тәртіппен автомобиль жолының әрбір жиырма километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, сондай-ақ емделуге жүмсалған қаражатты өтеу олар іссапарға жіберілген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Іссапарға жіберілген қызметкерлерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету олар іссапарға жіберілген арнаулы мемлекеттік органның қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Арнаулы атағы бойынша айлықақы төлеу, тұрғын үй төлемдері, қызмет өткеру кезеңінде қызметкер қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайдағы, оған мүгедектік белгіленген кездегі немесе ол міндеттерін атқаруға байланысты мертіккен жағдайдағы біржолғы өтемақылар, сондай-ақ арнаулы киім нысанымен және басқа да заттай мұлікпен қамтамасыз ету қызметкерлерді іссапарға жіберген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 4-тaraу 36-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

37-бап. Кадр резерві

1. Арнаулы мемлекеттік органның кадрлық құрамын қалыптастыру және лауазымдардың жасақталуын қамтамасыз ету мақсатында арнаулы мемлекеттік органды кадр резерві жасалады.

2. Кадр резерві аттестаттау нәтижелері бойынша жоғары тұрған лауазымға жоғарылатуға ұсынылған қызметкерлерден қалыптастырылады.

3. Бос басшы лауазымға арнаулы мемлекеттік органның кадр резервінде тұрған адам уәкілетті басшының шешімі бойынша орналастырылады. Кадр резервінде тұрған қызметкерлер ұсынылған лауазымнан бас тартқан кезде бос лауазымға аттестаттау нәтижесі бойынша басқа қызметкер орналастырылады.

4. Кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмыс жүргізуі ұйымдастыру жауаптылығы арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті басшысына және кадр бөлімшесіне жүктеледі. Арнаулы органдарда кадр резерві кадрлардың сапалық құрамы және тиісті лауазымдарға орналастыру қажеттігі ескеріле отырып қалыптастырылады.

5. Кадр резервіне қоюды уәкілетті басшы жүзеге асырады.

6. Қызметкер сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, лауазымынан немесе арнаулы атағынан төмендетілген, сондай-ақ оған қызметіне толық сәйкес келмеуі туралы ескерту түрінде тәртіптік жазалау шарасы қолданылған жағдайларда кадр резервінен шығарылады.

7. Қызметкердің кадр резервінде тұру мерзімі үш жылдан аспауға тиіс. Кадр резервіне қойылып, бірақ кадр резервінде болған кезеңде олар үшін жоспарланған лауазымға тағайындалмаған адамдар кадр резервіне жалпы негіздерде жаңадан қойылуы мүмкін.

8. Арнаулы мемлекеттік органның кадр бөлімшелері кадр резервіне қойылған қызметкерлердің тізімдерін жүргізеді.

9. Кадр резервін қалыптастыру және олармен жұмыс істеуді үйімдастыру тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейді.

5-тарау. ДЕМАЛЫСТАР

38-бап. Демалыс түрлері

1. Қызметкерлер үшін демалыстардың мынадай түрлері белгіленеді:
 - 1) жыл сайынғы;
 - 2) қысқа мерзімді;
 - 3) жүктілігі және босануы бойынша, жаңа туылған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге демалыстар;
 - 4) қосымша;
 - 5) каникулдық;
 - 6) оку;
 - 7) ауруы бойынша;
 - 8) бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтүге арналған айлықақысы сақталмайтын демалыс.

39-бап. Демалыстар берудің және олардың ұзақтығын есептеудің жалпы тәртібі

1. Демалыстар уәкілетті басшының бүйрығы негізінде беріледі.
2. Демалыстардың ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады, бұл ретте жыл сайынғы және қосымша демалыстардың жалпы ұзақтығы, демалысты өткізу орнына барып қайту жолына қажетті уақыт есептелмегенде, демалыс берілетін жылда алпыс тәуліктен аспауға тиіс.
3. Осы Занда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, демалыстардың барлық түрлерінде болған кезеңде қызметкерлердің ақшалай үлесі және өзге де қосымша төлемдері сақталады.

40-бап. Жыл сайынғы демалыс

1. Жыл сайынғы негізгі демалыстар қызметкерлерге оларды пайдалану кезеңдері, сондай-ақ бөлімшені жауынгерлік әзірлікте ұсташа ескеріле отырып және уәкілетті басшы бекіткен және барлық қызметкердің назарына жеткізілген демалыстар графигіне сәйкес жылдың кез келген мезгілінде беріледі. Демалыстар графигі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес женілдіктерді пайдаланатын қызметкерлер санаттары ескеріле отырып, әрбір күнтізбелік жылға жасалады және барлық қызметкердің назарына жеткізіледі.

Демалыс уақытында, бөлімшениң толық таралуын және келісімшартта көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органның бастамасы бойынша қызметкерді ауыстыруға, жұмыстан шығаруға жол берілмейді.

2. Еңбек сіңірген жылдарын, қызмет ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып, қызметкерлерге (курсанттарды, тыңдаушыларды қоспағанда) берілетін жыл сайынғы демалыстардың ұзақтығы:

қызметте еңбек сінірген жылдары күнтізбелік 10 жылға дейінгілерге – 30 тәулік;
10-нан 15 жылға дейінгілерге – 35 тәулік;
15-тен 20 жылға дейінгілерге – 40 тәулік;
20 жыл және одан көптерге – 45 тәулік;

ұшу жұмыстарындағы, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жергілікті жерлерде қызмет өткеретін адамдарға – 45 тәулік болып белгіленеді.

3. Қызмет мұдделерін және қызметкерлердің тілектерін ескере отырып, демалыс екі бөлікке бөлінуі мүмкін.

4. Қызметкердің қызметке тұрған жылдағы және қызметтен шығарылған жылдағы жыл сайынғы демалысының ұзақтығын есептеу жыл сайынғы демалыс ұзақтығын он екіге бөліп, алынған тәулік санын қызметке тұрған немесе шығарылған жылдағы қызметтің толық айларының санына көбейту арқылы есептеледі.

5. Толық емес тәуліктердің санын дөңгелектеу ұлғайту жағына қарай жүргізіледі. Қызметкерді қызметтен уақтылы шығару (арнаулы мемлекеттік органның жеке құрамы тізімдерінен алып тастау) мүмкін болмаған жағдайда, оны қызметтен шығару күні жыл сайынғы демалыстың пайдаланылмаған уақытына есеп айырысу жүргізіліп, ол қызметкерге беріледі. Мерзімінен бұрын (келісімшарт мерзімі өткенге дейін) қызметтен шығару кезінде, егер демалыстар графигіне сәйкес демалыс бұрын пайдаланылмаса, қызметкердің жыл сайынғы демалыс ұзақтығы осындай тәртіппен есептеледі.

6. Әскери, арнаулы оқу орнын немесе шет мемлекеттің білім беру үйімін бітірген қызметкерлерге жыл сайынғы демалыс көрсетілген оқу орнын бітіргеннен кейін беріледі.

7. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын биік таулы жерлерде (биіктігі бір мың бес жүз метр және одан жоғары), климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеріп жүрген қызметкерлерге еңбек сінірген жылдарына қарамастан ұзақтығы күнтізбелік қырық бес күн ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

8. Қызметкерлердің жыл сайынғы демалысының ұзақтығы демалысты өткізу орнына барып қайту жолы үшін қажет уақытты ескере отырып, тәулік санына ұлғайтылады.

9. Қызметкердің баянаты және уәкілетті басшының шешімі бойынша қызметкерге жыл сайынғы және қосымша демалыстар олардың арасын үзбей жалғастырылып беруге жол беріледі.

10. Өткен жылдың жыл сайынғы және (немесе) қосымша демалыстарын қызметкер дәлелді себептермен толық пайдаланбаған жағдайда, демалыстың пайдаланылмаған күндері оның өтініші бойынша келесі жылы беріледі.

11. Жыл сайынғы немесе қосымша демалыс уақытында (арнаулы мемлекеттік органның жеке құрамы тізімінен шығара отырып, қызметтен шығарылатын жылдан басқа) ауырып қалған қызметкерлерге, отбасы жағдайлары бойынша демалысты қоспағанда, ауырған күндерінің санына сәйкес жыл сайынғы немесе қосымша демалыс уақыты ұзартылады. Бұл жағдайда демалысты ұзартуды уәкілетті басшы емдеу-сауықтыру мекемесінің анықтамасы негізінде жүзеге асырады.

12. Отбасы мүшесінің денсаулық жағдайы ауыр немесе ол қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда, сондай-ақ демалыстағы қызметкердің отбасы мүшелері табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға тап болғанда қызметкер демалып жүрген аумақтың аумақтық орган басшысы қызмет өткери орнына баруға қажет уақытты есептемегендегі, демалысты он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Аумақтық орган басшысы демалыстың ұзартылғаны туралы аталған қызметкер қызмет өткеретін бөлімше басшысын дереу хабардар етеді.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-бап. Қысқа мерзімді демалыстар

1. Қызметкерлерге қысқа мерзімді демалыс он тәулікке дейінгі мерзімге:

1) зайыбының (жұбайының), жақын туыстарының, зайыбының (жұбайының) жақын туыстарының денсаулық жағдайы ауыр болған немесе қаза тапқан (қайтыс болған);

2) жақын туыстары, зайыбының (жұбайының) жақын туыстары табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға тап болған;

3) шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер туындаған жағдайларда, сондай-ақ уәкілетті орган басшысы дәлелді деп танылған басқа да себептер бойынша беріледі.

2. Қызметкерге берілетін қысқа мерзімді демалыс ұзақтығы демалыс өткізу орнына баруы мен қайту жолына қажетті тәулік санына ұлғайтылады.

3. Қызметкерге қысқа мерзімді демалыстар жылына екі ретten артық берілмейді.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

42-бап. Жүктілігі және босануы бойынша демалыс, бала (балалар) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалыс

1. Әйел қызметкерлерге жүктілігіне және босануына байланысты демалыстардың ұзақтығы, берілу мен ақы төлеу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

2. Жаңа туылған бала (балалар) асырап алған қызметкерге (ата-анасының біріне) асырап алған күннен бастап және баланың туылған күнінен елу алты күн өткенге дейінгі мерзімге демалыс беріледі.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

43-бап. Қосымша демалыстар

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында экологиялық апат аймағы деп жарияланған өнірлерде қызмет өткөретін қызметкерлердің ұзақтығы мен беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын жыл сайынғы қосымша демалыстар алуға құқығы бар.

1-1. Ұрыс қимылдарына, терроризмге қарсы және бітімгершілік операцияларға қатысатын (қатысқан) қызметкерлерге ұзақтығы екі апта қосымша демалыс беріледі, ол жыл сайынғы демалысқа қосылады.

2. Қызметінің ерекше жағдайлары үшін ұзақтығы құнтізбелік он күнге дейін қосымша ақы төленетін демалыс беріледі, ол жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қосылып есептеледі және қызметкердің қалауы бойынша онымен бір мезгілде немесе бөлек берілуі мүмкін.

3. Зиянды жағдайларда міндеттерін атқарғаны және қызметінің ерекше сипаты үшін бір мезгілде қосымша демалыс алуға құқығы бар қызметкерлерге қосымша демалыс олардың таңдауы бойынша тек бір негіз бойынша ғана беріледі.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

44-бап. Каникулдық демалыстар

1. Арнаулы мемлекеттік органдардың әскери, арнаулы оқу орындарында құндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын курсанттарға оқу сабактарындағы үзілістер кезінде, егер осы баптың 3-тармағында өзгеше көзделмесе, мынадай мерзімдерге каникулдық демалыстар беріледі:

- 1) қысқы демалыс – 14 тәулік;
- 2) жазғы демалыс – 30 тәулік.

1-1. Шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында білім алып жатқан курсанттарға, тындаушыларға каникулдық демалыстар халықаралық шарттарға және оқуға арналған келісімшарттарға сәйкес беріледі.

2. Демалысты өткізу орнына барып қайту үшін қажетті уақыт берілмейді.

3. Оқуы бойынша берешегі бар курсанттар, тындаушылар оны осы баптың 1-тармағында белгіленген каникулдық демалыстарды өткізу мерзімдері шегінде құнтізбелік он күн ішінде жабады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап. Оқу демалыстары

1. Қызметкерлерге уәкілетті басшылардың шешімі бойынша оқу демалыстары:
 - 1) оқуға түсу емтихандарына дайындалу және оларды тапсыру үшін;
 - 2) білім алу кезеңінде берілуі мүмкін.

2. Оқу демалыстарының ұзақтығы оқу жоспарында белгіленеді және оны оқу орнының жазбаша шақыруы негізінде уәкілетті басшы береді.

3. Мемлекеттік қызметшілерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттердің білім беру үйимдарына оқуға түскен қызметкерлерге атқарып жүрген лауазымынан босатылып және уәкілетті басшының қарамағына есепке алына отырып, ақшалай үлесі сақталмайтын оқу демалысы беріледі.

Ескеरту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46-бап. Ауыру бойынша демалыстар

1. Қызметкерге ауыруы бойынша демалыс әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде беріледі. Қызметкерге ауыруы бойынша демалыс отыз тәуліктен алпыс тәулікке дейін, ал қызметтен шығарылатын жылы – келісімшарт мерзімі аяқталатын күнге дейін беріледі.

2. Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін денсаулығына жағымсыз әсер ететін міндеттерді орындағаннан кейін оларға медициналық оңалту жүргізіледі.

Қызметкерге медициналық оңалту үшін берілетін қосымша тәуліктер санын әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде арнаулы мемлекеттік органдың бірінші басшысы айқындайды.

3. Ауыру бойынша демалыстың ұзақтығы жыл сайынғы және қосымша демалыстар есебіне кірмейді.

46-1-бап. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс

Қызметкерге баянаты бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беріледі.

Ескерту. 5-тaraу 46-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-бап. Демалыстан шақыртып алу

1. Қызмет бабында аса қажет болған жағдайда уәкілетті басшының шешімі бойынша қызметкер демалыстан шақыртылып алынуы мүмкін.

2. Қызметкерді демалыстан шақыртып алу бұйрықпен ресімделеді. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі он және одан көп тәулікті құрайтын болса, қызметкерге демалысты өткізу орнына, бірақ ол шақыртып алынған орыннан алыс емес жерге барып қайту жолы үшін қажетті уақыт беріледі. Демалыстың пайдаланылмаған бөлігі қызметкердің қалауы бойынша келесі жылғы демалысқа қосылуы мүмкін.

6-тарау. АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ

48-бап. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметті тоқтатудың негіздері

Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметті тоқтатуға:

- 1) осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтен шығару;
- 2) қызметкердің қайтыс болуы (қаза табуы) немесе сottың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес қайтыс болды деп хабарлануы;
- 3) қызметкерді заңда белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен немесе іс-эрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп тану негіз болып табылады.

49-бап. Қызметтен шығару

1. Қызметкерлерді қызметтен шығару мынадай негіздер бойынша:

1) қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша;

1-1) Қазақстан Республикасында немесе белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайларды қоспағанда, жиырма бес жылдан көп енбек сінірген жылдары болған кезде өз бастамасы бойынша;

2) келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша;

3) әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;

4) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру үйімінан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген магистранттарды, докторанттар мен адъюнкттерді қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру үйімінан шығарып жіберілген кезде;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде;

7) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) осы Заңың 33-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында айқындалған мән-жайларды қоспағанда, уәкілетті басшының қарамағында толық алты айға дейін болған кезде, қызметкердің бар тәжірибесі мен білімін пайдалану мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ ұсынылған лауазымнан бір рет бас тартқан кезде;

9) басқа тең лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған және қызметкер төмен тұрған лауазымға тағайындалудан бас тартқан кезде штаттың қысқартылуына байланысты;

10) мемлекеттік органдарға (мекемелерге) қызметке ауысуына байланысты;

11) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) арнайы тексеру нәтижелері бойынша қызметті одан әрі өткеру мүмкін болмауына байланысты;

12-1) атқаратын лауазымына сәйкес келмеуіне байланысты қызметтен шығару туралы аттестаттау комиссиясының ұсынымы бойынша;

13) теріс себептер бойынша жүргізледі.

2. Қызметкер:

1) оған қатысты келісімшарт талаптары айтарлықтай және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп) бұзылған жағдайда;

2) мыналардың:

қызметкердің қызмет өткөріп жатқан жерінде медициналық көрсетулер бойынша қызметкердің отбасы мүшесінің тұруы мүмкін болмауы және оны жаңа қызмет орнына ауыстыру мүмкіндігі болмауы;

отбасының басқа жерге көшу қажеттілігіне байланысты қызметкер қүйеуінің (қызметкер әйелінің) қызмет орнын ауыстыруы;

тұрғылықты жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау органының қорытындысына сәйкес, денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімді (көмекті, қадағалауды) қажет ететін не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын әкесіне, анасына, әйеліне, қүйеуіне, аға-інісіне, апа-сіңлісіне, қарындасына, атасына, әжесіне немесе асырап алған адамына немесе қартауына байланысты зейнеткерлік жасқа жеткен немесе он сегіз жасқа толмаған адамдарға, заң бойынша аталған азаматтар күтіп-бағуға міндетті басқа адамдар болмаған кезде тұрақты күтім жасау қажеттігі;

қызметкер анасыз (әкесіз) тәрбиелеп отырған, он сегіз жасқа толмаған балаға күтім жасау қажеттігі салдарынан отбасы жағдайы бойынша;

3) Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайланған немесе тағайындалған жағдайда;

4) судья лауазымына сайланған немесе тағайындалған жағдайда қызметтен мерзімінен бұрын шығуға құқылы.

3. Қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкер қайтыс болуы (қаза табуы) құжаттамалық расталған күннен кейінгі күннен бастап, ал хабарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп хабарланған қызметкер сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жеке құрам тізімдерінен шығарылады.

4. Белгіленген мерзімдерді өткөрген қызметкерлерді қызметтен шығару төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, оның қолданылу кезеңіне тоқтатыла тұрады. Бұл ретте олармен жасалған келісімшарттар төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезеңі бойы қолданыста болады.

Ескерту. 49-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

50-бап. Қызметкерлердің қызметте болуының шекті жасы

1. Қызметте болудың мынадай шекті жастары:

- 1) оны қоса алғанда майорға дейін – қырық жеті жас;
- 1-1) подполковниктерге – елу жас;
- 2) полковниктерге – елу бес жас;
- 3) генерал-майорларға және генерал-лейтенанттарға – алпыс жас;
- 4) генерал-полковниктерге – алпыс үш жас белгіленеді.

2. Шекті жасқа толған қызметкерлер осы Заңда белгіленген тәртіппен запасқа немесе отставкаға шығарылуға жатады.

Жоғары кәсіби даярлығы, атқаратын лауазымы бойынша жұмыс тәжірибесі бар және денсаулық жағдайы бойынша қызметті өткеруге жарамды қызметкерлерге арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары олармен жаңа келісімшарт жасасу арқылы қызмет мерзімін бес жылға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

Қызметте қалдыру мерзімін ұзарту туралы шешім қызметкерді осы Заңда көзделген негіздер бойынша арнаулы мемлекеттік органдардан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 06.04.2016 № 483-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-бап. Қызметтен шығару тәртібі

1. Қызметкерлерді қызметтен запасқа немесе отставкаға шығару лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес бұған құқығы бар уәкілетті лауазымды адамның бүйрекшімен жүргізіледі.

2. Қызметкерді жеке құрам тізімдерінен шығару арнаулы мемлекеттік органдарда белгіленген мерзімдерде істер мен лауазымды тапсырғаннан кейін жүргізіледі.

3. Қызметкер енбек демалысында, емделуде немесе қызметтік іссапарда болған жағдайда жеке құрам тізімінен алып тастау жүргізілмейді.

4. Қызметте болудың шекті жасына жету немесе келісімшарт мерзімінің аяқталуы туралы қызметкерді уәкілетті басшы алдын ала жазбаша түрде (бірақ бір айдан кешіктірмей) хабардар етеді.

Қызметтен алдағы шығару туралы қызметкерге хабарлағаннан кейін оны қызметтік іссапарға жіберуге тыйым салынады.

5. Қызметкерді қызметтен шығару туралы бүйректан үзінді-көшірме оған қол қойғызыла отырып, назарына жеткізіледі. Қызметкер орган орналасқан жерден тыс

жерде жүрген жағдайда, қайтып оралғаннан соң бұйрықтан үзінді-көшірме оның назарына жеткізіледі.

Бұйрықтан үзінді-көшірме қызметтен босатылатын қызметкердің жазбаша өтініші негізінде ғана беріледі.

5-1. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінен шығарылған адамдардың қызметтен шығару туралы шешімге жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқыбы бар.

6. Қызметкерді қызметтен шығару үшін бірнеше негіз болған жағдайда, теріс себептер бойынша қызметтен шығару жағдайларын қоспағанда, ол өзі тандаған негіз бойынша қызметтен шығарылады.

7. Қызметкерлердің денсаулық жағдайы бойынша қызметтен шығару арнаулы мемлекеттік органның кадр аппараты әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын алғаннан кейін жүргізіледі.

8. Алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру үйімінан шығарып жіберілуіне байланысты қызметтен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар әскерге шақырылушыларды немесе әскери міндеттілерді әскери есепке қою үшін тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі. Бұл ретте әскерге шақыру бойынша қызметтің белгіленген мерзімдерін өткөрмеген курсанттар, тыңдаушылар әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін жалпы негіздерде әскери қызметке одан әрі шақырылады.

10. Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуына байланысты қызметкерлерді қызметтен шығару Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығару туралы тиісті Жарлығы күшіне енген күннен бастап немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеген күннен бастап уәкілетті басшының шешімімен жүргізіледі.

11. Мемлекеттік органдарға (мекемелерге) қызметке ауысуына байланысты қызметтен шығару мемлекеттік қызметші лауазымын көрсете отырып, қызметкердің қызметке қабылдануы туралы мемлекеттік органның (мекеменің) тиісті хабарламасы келіп түсken кезде қызметкердің баянаты бойынша жүргізіледі.

12. Алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13. Арнайы тексеру нәтижелері бойынша одан әрі қызмет өткери мүмкін болмауына байланысты қызметтен шығару қызметкерді мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді

ресімдеуді талап етпейтін лауазымға тағайындау мүмкін болмаған кезде арнайы тексеру нәтижелері бойынша оған мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді ресімдеуге кедергі келтіретін мән-жайлар анықталған жағдайда жүргізіледі.

13-1. Уәкілдегі басшы бекіткен атtestatтау комиссиясының ұсынымы бойынша атқаратын лауазымына сәйкес келмеуіне байланысты қызметтен шығару уәкілдегі басшының бүйрығымен жүргізіледі.

14. Теріс себептер бойынша қызметтен шығару мынадай жағдайларда:

1) қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды құшіне енгенде – арнаулы мемлекеттік органға келіп түскен соттың айыптау үкімі және оны орындау туралы өкім негізінде;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғанда – келіп түскен сот үкімінің және оның заңды құшіне енуі туралы өкімнің немесе прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органдының қаулысы негізінде;

3) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық қуәландыру нәтижелерімен расталған, қызметтік міндеттерін атқару кезінде психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну немесе масаң күйде болу фактісі анықталғанда, сондай-ақ одан өтуден бас тартқанда немесе жалтарғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

4) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық қуәландыру нәтижелерімен расталған, қызметтен тыс уақытта есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну фактісі анықталғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

5) қызметкер келісімшарт талаптарын орындағанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

6) жасалған күніне қарамастан, осы Заңның 7-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтер ұсынылғанда немесе бұрмаланғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнаулы атақтан айырылғанда – арнаулы мемлекеттік органға келіп түскен соттың айыптау үкімі және оны орындау туралы өкім негізінде;

8) қызметте қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себептерсіз болмағанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуге немесе жоғалтуға, оларды жеткізгіштерді жоғалтуға алып келген, құпиялыштық режимін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптар бұзылғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

10) Қазақстан Республикасының енбек заңнамасында және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған жағдайларда;

11) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылыш жасалғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Қызметкерлердің мынадай әрекеттері, оның ішінде қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың алдында арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда:

қызмет бабын жеке пайдакунемдік мақсатта пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысу;

қызмет бабын пайдалана отырып жұмыстар орындау мен қызметтер көрсету және сол үшін сыйақы алу;

бюджет қаражатына немесе мемлекеттік мұлікке тікелей қызмет көрсететін қызметкердің кінәлі әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттер уәкілетті басшы тарарапынан оған деген сенімді жоғалтуға негіз берсе;

қызметкердің арнаулы киім нысанында қоғамдық орынға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, алкогольдік немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынудан туындаған өзге де масаң қүйде келуі;

ақшалай немесе өзге де мұліктік сипаттағы құмар ойындарға және (немесе) ақшага, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігуге қатысу арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылыштар болып табылады.

15. Қызметкер Қазақстан Республикасы Парламенті немесе жергілікті өкілетті органдар депутаттығына сайланған немесе тағайындалған жағдайда сайлау қорытындыларының тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы негізінде мезгілінен бұрын қызметтен шығуға құқылы.

16. Егер ол судья лауазымына тағайындалған немесе сайланған жағдайда, қызметкер оны тағайындау туралы тиісті актінің немесе оны сайлау туралы уәкілетті органның хабарламасы негізінен бұрын қызметтен шығуға құқылы.

17. Қызметтен шығатын қызметкерлер, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы (әскери) оқу орындарынан шығарылған курсанттар қызметтік күәліктері мен жетондарын тапсырады.

18. Уәкілетті басшының бұйрығымен жеке құрам тізімдерінен оны алып тастаған күн қызметкерді қызметтен шығару күні болып есептеледі.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2024 № 116-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

52-бап. Запасқа қою

1. Арнаулы мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құзет қызметін, сондай-ақ офицерлік құрамның шығарып жіберілген тыңдаушыларын қоспағанда) запасқа шығарылған қызметкерлері (офицерлік құрам) аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдарғы арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлері есебіне алынуға жатады.

2. Қызметтен:

1) катардағы және сержанттық құрамнан;

1-1) әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру үйімінан шығарып жіберілген магистранттарды, докторанттар мен адъюнкттерді қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберілуіне байланысты;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінен;

3) теріс себептермен;

4) келісімшарт талаптарын орындамаудың шығарылған қызметкерлер жергілікті әскери басқару органдарына запасқа қойылуға жатады.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

53-бап. Запаста болудың шекті жасы

1. Қызметкерлердің (офицерлік құрамдағы) запаста болуының шекті жасы ерлер үшін толық алпыс жасты, ал әйелдер үшін – толық қырық бес жасты құрайды.

2. Запаста болудың шекті жасына жеткен қызметкерлер немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлері есебінен алына отырып, отставкаға шығарылады.

3. Соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Президенті запаста болудың шекті жасын ұзартуы мүмкін.

4. Арнаулы мемлекеттік органдардың запастағы офицерлерін есепке алуды үйімдастыру және олардың қызметкерлерінің запаста болу тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

54-бап. Қызметін қалпына келтіру

1. Қызметтен шығарылған адамдардың қызметтен шығару туралы бұйрыққа жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сотқа Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

2. Қызметкерлерді (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) қызметтен заңсыз шығарған жағдайда, осыған байланысты келтірілген залал толық көлемде арнаулы мемлекеттік органдар есебінен өтелуге жатады.

Қызметтен негізсіз шығарылған қызметкерлер бұрынғы лауазымына (ал оның келісімімен – соған тең немесе төмен тұрған) қайта тағайындалады және заңсыз шығарылғаннан кейін алынбаған үлесінің барлық тұрлерімен қамтамасыз етіледі.

Бұл кезең еңбек сінірген жылдарына және кезекті арнаулы атақты беру үшін еңбек сінірген мерзімге қосылады.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-тaraу. ATTESTATTAU ЖӘНЕ СЫНЫПТЫҚ БІЛДІРІЛІК

55-бап. Аттестаттау, оның мақсаты мен міндеттері

1. Аттестаттау – қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін анықтау бойынша мерзімді жүзеге асырылатын рәсім, ол аттестаттау парагына енгізілетін бағалау материалдарының жиынтығы негізінде жүргізіледі.

2. Аттестаттау мақсаты – қызметтік әрекетті, кәсіби біліктілікті жан-жақты және объективті бағалау, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби әлеуетін ұтымды пайдалану және дамыту.

3. Аттестаттау міндеттері:

1) әрбір қызметкердің кәсіби, іскерлік қасиеттеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне жан-жақты және объективті сипаттама алу;

2) қызметкерлердің атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігін және оларды одан әрі қызметте пайдалану перспективасын анықтау;

3) қызметкерлерді даярлауды (қайта даярлауды) және оқытууды жетілдіру бағытын анықтау;

4) кадр резервін қалыптастыру және дамыту;

5) қызметкерлерге орын алған кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

56-бап. Қызметкерлерді аттестаттау

1. Қызметкерлер арнаулы мемлекеттік органдарда үздіксіз қызметте болған әр келесі үш жыл өткен соң аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте аттестаттау көрсетілген мерзім басталған күннен бастап, алты айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Аттестаттауға жататын қызметкерлер жаңа лауазымдарға тағайындалған жағдайда, олар тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң аттестаттаудан өтеді. Тең дәрежелі лауазымдарға тағайындау кезінде, егер бұл лауазымдық міндеттердің өзгеруіне алып келмесе, бұл мерзім есепке алынбайды.

2. Арнаулы мемлекеттік органның басшысы және оның орынбасарлары аттестатталуға жатпайды.

Жүктілігі мен босануына байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыстарда болу, мемлекеттік қызметшілерді жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шенберінде Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттердің әскери, арнаулы оқу орындарында, білім беру үйімдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алу кезеңінде қызметкерлер аттестатталуға жатпайды. Олар қызметке шыққаннан кейін кемінде алты айдан соң және қызметке шыққан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей аттестатталады.

Кемінде күнтізбелік жиырма жыл үздіксіз еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлер аттестациялық тестілеуге жатпайды.

3. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Аттестаттау бірқатар кезектеп өткізілетін кезеңдерді қамтиды:

- 1) дайындық іс-шараларын жүргізу;
- 2) қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік тілді білуіне аттестаттық тестілеу және психологиялық-әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

3) аттестаттау комиссиясының отырысында аттестаттауды қарau және қорытындылары бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды анықтау.

5. Арнаулы мемлекеттік органдар осы Занда белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қызметкерлерді аттестаттау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді. Көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін арнаулы мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалады.

Ескерту. 56-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

56-1-бап. Қызметкерлерді жоспардан тыс аттестаттау

1. Жоспардан тыс аттестаттау Жоғары аттестаттау комиссиясының отырыстарында қаралатын қызметкерлер үшін – арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының шешімі бойынша, басқа қызметкерлер үшін уәкілетті басшының шешімі бойынша өткізіледі.

2. Жоспардан тыс аттестаттауды өткізу негіздері:
 - 1) қызметкерді кадр резервіне қабылдау туралы;
 - 2) қызметкерді тәмен тұрған лауазымға тағайындау туралы;
 - 3) қызметкерді келісімшарт талаптарын орындауына байланысты қызметтен шығару туралы мәселелерді шешу болып табылады.

Қызметкерді кадр резервіне қабылдау туралы мәселені шешу үшін жоспардан тыс аттестаттау осы Заңның 56-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген талаптар ескерілмesten, соңғы аттестаттаудан кейін кемінде бір жыл өткен соң өткізілуге тиіс.

3. Жоспардан тыс аттестаттауды өткізу кезінде қызметкерлер мынадай:
 - 1) қызметкерді тәмен тұрған лауазымға тағайындау туралы;
 - 2) келісімшарт талаптарын орындауына байланысты қызметкерді қызметтен шығару туралы мәселелерді шешу үшін аттестациялық тестілеуге жатпайды.

Ескерту. 7-тaraу 56-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

57-бап. Аттестаттауды өткізу жөніндегі іс-шаралар

1. Қызметкерлерді аттестаттауға байланысты іс-шараларды тікелей жүргізу кадр бөлімшелеріне жүктеледі.
2. Кадр бөлімшесі әр жылдың аяғында келесі жылға қызметкерлерді аттестаттаудың жоспар-кестесін дайындайды.
3. Уәкілетті басшы кадр бөлімшесінің ұсынуы бойынша қызметкерлерді аттестаттаудың жоспар-кестесін бекітеді.
4. Кадр бөлімшесі қызметкерлерді аттестаттаудан өткізудің мерзімдері туралы оны жүргізу басталғанға дейін бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді.
5. Аттестатталушының тікелей басшысы аттестатталатын қызметкердің кәсіби, іскерлік және жеке басының қасиеттерін жан-жақты зерделеп, атқарып отырған лауазымы бойынша жұмысының нақты көрсеткіштерін объективті түрде талдап және бағалап, оған мінездеме беруге және аттестаттау бойынша алдын ала тұжырымдар мен ұсынымдар жасауға міндетті.

Әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер аттестаттау комиссиясына аттестатталатын қызметкердің денсаулық жағдайы туралы жыл сайынғы диспансеризацияның нәтижелері бойынша мәлімет береді.

6. Аттестатталатын қызметкер компьютерлік тестілеуден өтеді, оның нақты күні туралы кем дегенде 7 жұмыс күні бұрын ескертіледі. Психолог-маман психологиялық-әлеуметтанушылық зерттеулер кешенін жүргізеді және нәтижелері бойынша атқарып отырған лауазымына жеке, іскерлік қасиетінің және кәсіби құзыретінің сәйкес келуі туралы қорытынды, сондай-ақ аттестатталатын қызметкерге аттестаттаудан кейінгі кезеңге ұсынымдар шығарады.

7. Аттестаттау қорытындысы бойынша тұжырымда аттестатталушы атқарып отырған лауазымына сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді деп көрсетіледі, содан кейін іскерлік қасиеттерін, жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ қызмет мүдделерін негізге ала отырып, оны одан әрі қызметте орынды пайдалану туралы пікір жазылады.

Бұл ретте мынадай:

жаңа келісімшарт, оның ішінде қызметте болудың шекті жасына жеткен қызметкермен келісімшарт жасасудың орындылығы туралы;

жоғары лауазымға ұсыну туралы;

әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға немесе даярлау немесе қайта даярлау курстарына жіберу туралы;

ауыстыру себебін көрсете отырып, тең лауазымға ауыстыру туралы;

қызметкерді себептері мен оны одан әрі қызметте пайдаланудың орындылығын көрсете отырып, атқарып отырған лауазымынан төмен лауазымға ауыстыру туралы;

кәсіби дамудың жеке бағдарламасын игеру туралы;

қызметтен шығару туралы ұсынымдар берілуі мүмкін.

Біреуден көп ұсынымды айқындау кезінде олардың мазмұны бір-біріне қайшы келмеуі тиіс.

Қажет болған жағдайда арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы өзгедей тұжырыммен айқындауға немесе қызметкерді аттестаттау кезіндегі ұсынымдар тізбесін толықтыруға құқылы.

8. Атқарып отырған лауазымына сәйкес келмеуі туралы тұжырымды айқындау үшін

:

1) лауазымдық міндеттерін орындаудың немесе тиісінше орындаудың нақты фактілері көрсетілетін, аттестатталушы қызметкердің тікелей басшысы (бастығы) немесе арнаулы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өзірлеген, аттестаттау бойынша алдын ала тұжырым мен ұсынымдары бар қызметтік мінездеме;

2) арнаулы мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекті мәннен төмен қайта аттестаттық тестілеудің нәтижесі (нәтижелері);

3) арнаулы мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген кәсіби жарамдылықты анықтау бойынша нормативтердің орындалмауы;

4) жүргізілген психологиялық-әлеуметтанушылық зерттеулердің нәтижелері бойынша маман-психологтың қорытындысы;

5) денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы);

6) қызметкердің келісімшарт талаптарын орындауы негіз болып табылады.

9. Жасалған аттестаттау материалы аттестаттау комиссиясының қарауына жатады.

10. Дәлелсіз себеппен аттестаттау комиссиясының отырысына екі рет келмеген қызметкерлер осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтен шығарылуға ұсынылады.

11. Кезекті (жоспардан тыс) аттестаттаудан өтпеген және (немесе) өзге, оның ішінде төмен тұрған лауазымдарда қызметті жалғастырудан бас тартқан қызметкерлер осы Занда белгіленген тәртіппен қызметтен шығарылуға жатады.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58-бап. Аттестаттау комиссиясы

1. Аттестаттау комиссиясы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Жоғары аттестаттау комиссиясы арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен құрылады. Арнаулы мемлекеттік органның бөлімшелерінде (органдарында) аттестаттау комиссиялары уәкілдепті басшының бұйрығымен құрылады.

2. Аттестаттау комиссиясының құрамына кемінде бес мүше кіруге тиіс. Аттестаттау комиссиясының тәрағасы мен мүшелері аттестаттауға жататын қызметкерлерге қарағанда тең немесе жоғары тұрған лауазымды атқаруға тиіс. Аттестаттау комиссиясының болмаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді. Аттестаттау комиссиясының тәрағасы болмаған жағдайда отырыс өткізілмейді.

3. Жоғары аттестаттау комиссиясының тәрағасы болып арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бірінші орынбасары немесе орынбасары тағайындалады.

4. Аттестаттау комиссиясының құрамына – органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және өзге де қызметкерлер, ал Жоғары аттестаттау комиссиясына арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасарлары және басқа да лауазымды адамдар енгізіледі. Аттестаттау комиссиясының мүшелері мен хатшысы жалпы негіздерде аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау комиссиясының аттестаттауға жататын мүшелері өзіне қатысты дауыс беруге қатыспайды.

5. Кадр бөлімшесінің өкілі аттестаттау комиссиясының хатшысы болып табылады. Аттестаттау комиссиясының хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

6. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдар мен ұсынымдарды (материалдарды) қараған кезде түсінік алу үшін аттестатталатын қызметкерлерді де және олардың тікелей басшыларын (бастықтарын) да, сондай-ақ аттестатталушы қызметкердің қызметіне және алдын ала жасалған тұжырымдар мен ұсынымдарға тікелей қатысы бар басшыларды (қызметкерлерді) шақыруға құқығы бар.

Аттестаттау комиссиясының ұсынымы бойынша аттестатталушы қызметкер әскери-дәрігерлік комиссияға жіберілуі мүмкін.

7. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, занды болып саналады.

8. Аттестаттау комиссиясының тұпкілікті тұжырымдары мен ұсынымдары дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы

мүшелерінің ішінен оларға көпшілік дауыс берілсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда тәраға дауыс берген қорытындылар мен ұсынымдар қабылданған болып саналады.

9. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдары бес жұмыс күнінің ішінде хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының тәрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

10. Кадр бөлімшесі қызметкердің аттестаттау парағына қабылданған тұжырымдар мен ұсынымдарды енгізеді, ол бекітілгеннен кейін мұнымен қызметкер он жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей қол қоя отырып, таныстырылады.

Объективті себептер бойынша қызметкерді бекітілген аттестаттау парағымен таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, таныстыру қызметке келген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

11. Аттестаттаудан өткен қызметкердің аттестаттау парағы жеке істе сақталады.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59-бап. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдары

1. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдарын уәкілетті басшы бекітеді.

Жоғары аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдарын арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

2. Уәкілетті басшы бекіткен аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдары қызметкерді кадр резервіне қабылдауға, тең лауазымға тағайындауға, қызметкердің лауазымын төмендетуге немесе оны қызметтен шығаруға негіздер болып табылады.

Ескерту. 59-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

60-бап. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдарына шағым жасау

1. Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдарына қызметкер танысқан күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей уәкілетті басшының немесе арнаулы мемлекеттік орган бірінші басшысының алдында шағым жасай алады.

2. Уәкілетті басшы немесе арнаулы мемлекеттік органның басшысы қызметкерді аттестаттаудан өткізу тәртібінің бұзылғаны туралы анық мәліметтерді алған жағдайда, өткізілген аттестаттау нәтижелерінің күшін жоюға және қажет болған кезде, оны қайтадан өткізу ді тағайындауға құқылы.

Ескерту. 60-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

61-бап. Сыныптық біліктілік

Әрбір қызметкердің кәсіби шеберлігін дамытуды ынталандыру мақсатында сыныптық біліктілік беру, оны көтеру, растау, сақтау, төмендету және алу рәсімі арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 61-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

8-тарау. АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕК ТӘРТІП

62-бап. Қызметтік тәртіп

1. Қызметтік тәртіп – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен қағидаларды қатаң және дәл сақтау.

Қызметтік тәртіп әрбір қызметкердің қызметтік борышын және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген жеке жауапкершілігін сезінуіне негізделеді.

2. Басшылар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң басшылыққа ала отырып, сеніп тапсырылған бөлімшелерде қызметтік тәртіпті құнделікті сақтауға міндетті.

3. Қызметтік тәртіпке:

1) қызметкерлерге патриоттық, имандылық және рухани тәрбие беруді үйымдастырумен, оларда жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерді қалыптастырумен;

2) әрбір қызметкердің өзінің міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға деген жеке жауаптылығымен;

3) бөлімшеде күн тәртібін және қызмет уақытының регламентін сақтаумен;

4) басшылардың жеке үлгі көрсетуімен және бағынысты қызметкерлерге қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы туралы құнделікті талап қоюымен, олардың орындаушылығын бақылаумен, қызметкерлердің құқықтары мен жеке қадір-қасиетін құрметтеумен, оларға қамқорлық жасаумен, көтермелеге, сендіру, мәжбүрлеу және ұжымның қоғамдық ықпал ету шараларын шебер үйлестіру және дұрыс қолданумен;

5) бөлімшеде қызмет өткери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар, қажетті материалдық-тұрмыстық және өзге де жағдайлар жасаумен қол жеткізіледі.

4. Қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі – қызметкерлер қызметтік міндеттерін атқару кезінде тәртіптік теріс қылыштар жасағаны үшін олар жауапты болатын жауапкершілік түрі.

5. Қызметкерлерді тәртіптілікке тәрбиелеудің негізгі әдісі сендіру әдісі болып табылады.

6. Қызметтік тәртіптің жай-қуйіне арнаулы мемлекеттік органдардың басшылары жауап береді. Олар бағынысты қызметкерлерден оның сақталуын талап етуге, лайықтыларды көтермелеге, тәртіп бұзушыларды әділ жазалауға міндетті.

7. Қызметтік тәртіпті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға қажетті жағдайлармен қамтамасыз етпеген, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдамаған, оларды жасыруға жол берген басшы бұл үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

8. Қызметтік тәртіпті сақтау бойынша басшылардың лауазымдық міндеттерін, оларға сеніп тапсырылған бөлімшелерде қызметтік тәртіпті нығайту мен сақтау бойынша бағалаудың негізгі өлшемдерін тиісті лауазымдық нұсқаулықтарда арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

9. Қызметкерлердің арнаулы мемлекеттік органдардың орналасқан жерінен тыскары жерлерде, қызметтен тыс уақытта жасаған және қызметтік әрекетпен немесе қызмет мүдделерімен байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылықтары мен теріс қылықтары үшін басшы тәртіптік жауаптылықта болмайды.

10. Әрбір қызметкер басшыға бөлімшеде тәртіп орнатуға және қызметтік тәртіпті сақтауға жәрдемдесуге міндетті. Басшыға жәрдемдесуден бас тартқаны үшін қызметкер жауапкершілікте болады.

11. Басшының бұйрық беру құқығы мен бағынысындағының оған мүлтіксіз бағыну міндеті дара басшылықтың негізгі қағидаттary болып табылады.

Ескеरту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

63-бап. Көтермелебулар

1. Көтермелебу – қызметкерді тәрбиелеудің және қызметтік тәртіпті нығайтудың маңызды құралы болып табылатын оның қызметтік әрекетіне берілген оң баға.

2. Көтермелебу қызметтік міндеттерін адал және ынтамен атқаратын және қызметтік борышын орындау кезінде ерекше көзге түсken қызметкерлерге қатысты қолданылады.

3. Басшы осы Занда өзіне берілген құқықтар шегінде бағынысты қызметкерлерді міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметтік әрекетте қол жеткізген жетістіктері үшін көтермелебуға міндетті.

Басшы өзіне берілген құқықтарды жеткіліксіз деп санаған жағдайда, ол ерекше көзге түсken қызметкерлерді жоғары тұрган басшының құқығымен көтермелебу туралы өтініш жасауды мүмкін.

4. Ерекше көзге түсken қызметкерлер ерліктері мен мемлекет алдында сінірген енбектері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің актісі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде атаулы қарумен марапатталуы мүмкін.

5. Ерекше сінірген енбектері үшін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік наградалармен марапатталуға ұсынылуы мүмкін.

6. Қызметкерлерге сонымен қатар мынадай көтермелебулар қолданылуы мүмкін:

1) бұрын қолданылған жазаны алып тастау;

2) әскери, арнаулы оқу орнының орналасқан жерінен кезектен тыс босату (әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары, тыңдаушылары үшін);

3) алғыс жариялау;

4) ақшалай сыйлықақымен марапаттау;

5) бағалы сыйлықпен марапаттау;

6) грамотамен марапаттау;

7) ведомстволық медальдармен, төсбелгімен және арнайы белгілермен марапаттау;

8) құрметті атақ беру;

9) арнаулы мемлекеттік орган бөлімшесінің Құрмет кітабына енгізу;

10) әскери, арнаулы оқу орнын алтын медальмен аяқтаған әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының тегін Құрмет тақтасына жазу, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орнын оқуда ең үздік көрсеткіштермен аяқтағандар арасынан көтермелебеу ретінде бірінші, екінші, үшінші курсанттарды, тыңдаушыларды анықтау;

11) кезекті арнаулы атағын мерзімінен бұрын беру;

12) кезекті арнаулы атағын атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары беру.

Осы тармақта көзделген көтермелебуларді қолдану тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

7. Көтермелебеу түрін айқындаған кезде қызметкердің сінірген еңбегінің немесе ерекшелігінің сипаты, сондай-ақ оның қызметке деген бұрынғы ынтасы назарға алынады.

8. Арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бір мезгілде қолданылуы мүмкін грамотамен және ақшалай сыйлықақымен марапаттау түріндегі көтермелебеуін қоспағанда, қызметкерге дәл сол бір ерекшелігі үшін бір ғана көтермелебеу жариялануы мүмкін.

9. Тәртіптік жазасы бар қызметкер бұрын қолданылған жазасын алып тастау арқылы көтермеленеді. Тәртіптік жазаны алып тастау құқығы жазаны қолданған уәкілетті басшыға, сондай-ақ жоғары тұрган басшыға тиесілі.

10. Көтермелебеу түрінде бір уақытта тек бір тәртіптік жаза алынып тасталуы мүмкін, бұл ретте көтермелебудің осы түрімен көтермелебулардің басқа тұрлери қолданылмайды.

11. Басшының және уәкілетті басшының тәртіптік жазаны, егер ол өзінің тәрбиелік рөлін атқарса, қызметкер жаңадан теріс қылыш жасамаса және өз тәртібін қызметтік борышын адаптациямен түзесе, алты ай өткенге дейін алып тастауға құқығы бар.

12. Көтермелебулар сап алдында немесе қызметкерлер кеңесінде жарияланады.

Көтермелебулар туралы бұйрықтарды жариялау, сондай-ақ ерекше көзге түсken қызметкерлерге наградалар тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

64-бап. Теріс қылықтар мен жазалар

1. Қызметкердің тәртіптік теріс қылығы (бұдан әрі – теріс қылық) – қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлілікпен орындауы немесе тиісінше орындауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіпті, қызметтік әдеп қағидаларын бұзуы, сол сияқты қызметте болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сактамауы.

2. Елеулі емес теріс қылық жасаған қызметкерге басшының қызметтік тәртіпті қатаң сактаудың қажеттігі туралы жазбаша ескерту жасаумен шектелуге құқығы бар.

Жазбаша ескертууді лауазымды адам тиісті басшының тапсырмасымен жасайды.

Жазбаша ескерту қызметкерге қол қойғыза отырып, жеткізіледі, тіркеледі және қызметкердің жеке ісіне қосу үшін кадр бөлімшесіне беріледі. Алты ай өткеннен кейін ол алынады және оны кадр бөлімшесі белгіленген тәртіппен жояды.

Жазбаша ескерту жаза болып саналмайды.

3. Алдын алу мақсатында қызметкерлердің теріс қылықтары басшының шешімі бойынша:

- 1) катардағы қызметкерлер үшін – жеке құрамның жиналыстарында;
- 2) сержанттар үшін – сержанттар құрамының жиналыстарында;
- 3) офицерлер үшін – офицерлер жиналыстарында қаралуы және талқылануы мүмкін

4. Аға офицерлер құрамындағы офицерлердің теріс қылықтары тек аға және жоғары офицерлер құрамындағы офицерлердің жиналыстарында, жоғары офицерлер құрамындағы офицерлердің теріс қылықтары тек жоғары офицерлер құрамындағы офицерлердің жиналыстарында қаралуы және талқылануы мүмкін.

5. Кейінге қалдыруды күттірмейтін ерекше жағдайларда қызметкер оның жауаптылығы туралы мәселені шешкенге дейін лауазымынан уақытша шеттетілуі мүмкін.

Қызметкерге лауазымынан уақытша шеттету ол жасаған теріс қылық оның қызметтік міндеттерін атқаруға немесе басқа қызметкердің қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтірген не қызметкердің лауазымдық міндеттерін атқаруы оның теріс қылық жасауының мән-жайын жан-жақты, толық, объективті және уақытылы анықтауға, оның жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтауға кедергі келтіретін (келтіруі мүмкін) жағдайларда қолданылуы мүмкін.

6. Қызметкерді лауазымынан оны лауазымға тағайындау құқығы берілген басшы шеттетеді.

Бағынысты қызметкерді лауазымынан шеттеткен басшы лауазымынан шеттетуді тудырған себептер мен мән-жайларды нақты жазып, бұл туралы команда бойынша баяндауға міндетті.

Бағынысты қызметкерді оған жеткілікті негізсіз лауазымынан шеттеткен басшы ол үшін тәртіптік және өзге де жауаптылықта болады.

7. Тәртіптік жаза (бұдан әрі – жаза) – қызметкерге уәкілетті басшы қолданатын тәртіптік ықпал ету шарасы.

8. Қызметкерлерге қатысты мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) арнаулы атағын бір сатыға төмендету;
- 6) теріс себептер бойынша қызметтен шығару.

9. Әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттарына қатысты мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) кезектен тыс нарядқа қою (бөлімшені күзеттуді қамтамасыз ету бойынша нарядқа қоюды қоспағанда);
- 3) әскери, арнаулы оқу орнының орналасқан жерінен кезекті шығуынан айыру;
- 4) сөгіс;
- 5) қатаң сөгіс;
- 6) теріс себептермен қызметтен шығару.

10. Теріс қылышқа жасаған қызметкерге осы Занда белгіленген жазалар ғана қолданылуы мүмкін.

11. Қызметкерлердің топ болып жасаған теріс қылышы кезінде жазалар әрбір кінәлігे оның жауаптылық шамаларына қарай жеке қолданылады.

12. Дәл сол теріс қылышы үшін бірнеше жаза қолдануға немесе бір жазаны басқасымен біріктіруге, тікелей кінәлілерді жазалаудың орнына бөлімшенің барлық жеке құрамына жаза қолдануға тыйым салынады.

13. Жаза қолдану теріс қылышқа жасаған қызметкерді оны орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жаза қолданылған міндеттерді атқарудан босатпайды.

14. Егер уәкілетті басшы бағынысындағы адам жасаған теріс қылыштың ауырлығына қарай, өзіне берілген тәртіптік құқықтар жеткіліксіз деп санаса, ол жоғары тұрған басшының құқығымен кінәліге жаза қолдану туралы өтініш жасайды.

15. Жоғары тұрған басшының бағынысындағы басшы қолданған тәртіптік жазаны қатаандық себебі бойынша алып тастауға немесе төмендетуге, егер соңғысы оған берілген өкілеттікті асыра пайдаланбаса, құқығы жоқ.

16. Жоғары тұрған басшы осы жаза, жасалған теріс қылыштың ауырлығына сәйкес емес деп тапса, бағынысындағы басшының қолданған тәртіптік жазасын алып тастауға және неғұрлым қатаң жаза қолдануға құқығы бар.

Жаза заңсыз қолданылған жағдайда, ол жоғары тұрған басшының құқығымен алынып тасталуы мүмкін.

Заңсыз жаза қолданған басшы ол үшін жауапты болады.

17. Қызметкерге жаза қолдану оны заңмен көзделген жауаптылықтың басқа да түрлерінен босатпайды.

18. Қызметкерлерге қолданылатын жазалар олар жасаған теріс қылыштың ауырлығына және олардың кінесінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

Егер кінәлі теріс қылышты бірнеше рет жасаған немесе топ болып тәртіп бұзуға қатысқан болса, егер теріс қылыш кезекшілік, наряд уақытында және қызметтік міндеттерді атқару кезінде немесе алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уыттық (оларға ұқсас) мас күйде жасалған болса, жазаның қатаңдығы арттырылады.

19. Тәуліктік наряд құрамына кіретін (кезекшілік өткеретін) қызметкерге қызмет өткери уақытында оның жасаған теріс қылыштары үшін жаза қолдану нарядтан ауысқаннан немесе оны басқа қызметкермен ауыстырылғаннан кейін жүргізіледі.

20. Қызметкерге жаза қолдану кезінде оның жеке ар-намысын кемсітуге, оған дene азабы мен моральдық азап келтіруге және дөрекілік көрсетуге жол берілмейді.

Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

65-бап. Қызметтік тексеру жүргізу тәртібі

1. Қызметтік тексеру – қызметкердің теріс қылышты жасау мән-жайын толық, жан-жақты және обьективті анықтау мақсатында ол туралы материалдар мен мәліметтерді жинау және тексеру жөніндегі қызмет.

2. Қызметтік тексеру оны жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды айқындау, кінәлілерді анықтау және жазадан құтылмаушылық қағидатын қамтамасыз ету не қызметкерді жауаптылыққа негізсіз тартуды болдырмау мақсатында жүргізіледі.

3. Қызметтік тексеру жүргізу үшін:

- 1) баяннattар, арыздар, шағымдар мен хаттар;
- 2) құқық бұзушылықтар мен оқиғалар фактілері;
- 3) тексерістер қорытындылары;
- 4) бөлімшениң оқу, жедел және қызметтік іс-қимылын тексеру нәтижелері;
- 5) алдын ала анықтау, тергеу және сот органдарының хабарламалары;
- 6) лауазымды тұлғалардың, ұйымдар мен бұқаралық ақпарат қуралдарының хабарламалары;

7) қызметкерді Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық

туралы заңнамасында көзделген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті мемлекеттік органдардан келіп түсken материалдар негіз болуы мүмкін.

4. Қызметтік тергеп-тексеру үәкілетті басшының бұйрығымен тағайындалады және оны үәкілетті лауазымды адам он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Бұйрық болмаған кезде қызметтік тергеп-тексеру жүргізуге жол берілмейді.

Айрықша жағдайларда қызметтік тергеп-тексеру мерзімі қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді тағайындаған үәкілетті басшының бұйрығымен он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Қызметтік тергеп-тексеру мерзімінің есептелуі оның тағайындалған күнінен басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күнінде аяқталады.

5. Қызметкер теріс қылыш қасаған кезде одан міндепті түрде жазбаша түсініктеме талап етіледі. Егер түсініктемесінде қызметкер өзінің теріс қылышты жасау фактісімен келіссе, оны қарau үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не қосымша тексеру іс-шараларын жүргізу не оқиға болған жерге барып тексеру қажет болмаса, онда үәкілетті басшы, қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту, арнаулы атақты бір сатыға тәмендету және теріс себептер бойынша қызметтен шығару түріндегі жазаларды қоспағанда, қызметтік тексеру жүргізбей-ақ тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

Арнаулы атақты бір сатыға тәмендету және теріс себептер бойынша қызметтен шығару түріндегі тәртіптік жазалар жүргізілген қызметтік тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік комиссияның ұсынымдары ескеріле отырып, қолданылады.

Егер қызметкер өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылыш қасау фактісімен келіспесе, үәкілетті басшы теріс қылыш анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Заңда айқындалған тәртіппен қызметтік тексеруді тағайындауы тиіс.

6. Басшы қызметтік тексеру жүргізу үшін лауазымдық қызметі бойынша теріс қылыш қасаған қызметкердің лауазымына тең немесе одан жоғары үәкілетті лауазымды тұлғаны тағайындейды.

Теріс қылыш қасаған қызметкердің лауазымына атқаратын лауазымы бойынша тең немесе жоғары болатын үәкілетті лауазымды адамды тағайындау мүмкін болмаған жағдайда теріс қылыш қасаған қызметкердің атағына тең немесе одан жоғары болатын, басшы құрамнан адамды тағайындауға рұқсат етіледі.

Қажет болған жағдайда қызметтік тексеру жүргізуге арнаулы білімді қажет ететін мәселелер бойынша қорытындылар, түсініктер мен консультациялар алу үшін мамандар ретінде жедел-қызметтік іс-қимылдың тиісті бағытының қызметкерлері тартылуы мүмкін, ол туралы бұйрықта көрсетіледі.

Қажет болған жағдайларда уәкілетті басшы уәкілетті лауазымды адамды және мамандарды қызметтік тергеп-тексеру жүргізу уақытына олардың лауазымдық міндеттерін атқарудан босатуы мүмкін, ол туралы бұйрықта көрсетіледі.

7. Қызметтік тексеру жүргізуге оның нәтижесіне тікелей немесе жанама түрде мүдделі қызметкер қатыса алмайды. Мұндай жағдайда ол қызметтік тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған тұлғаға, өзін осы тексеру жүргізуге қатысудан босату туралы жазбаша баянатпен жүргінуге міндетті. Аталған талаптар сақталмаған жағдайда қызметтік тексеру нәтижелері жарамсыз деп есептеледі.

8. Қызметкер тек өзіне қатысты кінәсі анықталған теріс қылық үшін ғана тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

9. Қасақана немесе абайсызда құқыққа қарсы әрекет жасаған (әрекетсіздік танытқан) қызметкер теріс қылық жасағаны үшін кінәлі болып танылады.

10. Егер, оны жасаған қызметкер өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын ұғынып, оның зиянды салдарының болуын болжап білсе және осы салдардың болуын тілесе немесе саналы түрде жол берсе не болмаса оларға немкұрайлы қараса, теріс қылық қасақана жасалған болып табылады.

11. Егер теріс қылық жасаған қызметкер өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарларының болу мүмкіндігін болжап білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болдырмау мүмкіндігіне сенсе не қажетті ұқыптылық пен сақтық кезінде оларды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра, осындай салдарлардың болу мүмкіндігін болжап білмесе, ол абайсызда жасалған болып танылады.

12. Қызметтік тергеп-тексеру мынадай:

- 1) қызметкер қызмет орнын өз бетімен тастап кеткен;
- 2) қызметкер демалыста, қызметтік іссапарда болған;
- 3) қызметкердің ауырғаны занда белгіленген тәртіппен расталған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, ұзак уақытты талап ететін сараптамалар (зерттеулер) жүргізілген;

5) қызметтік тексеруге кедергі жасайтын басқа да жағдайларда уәкілетті басшының бұйрығымен тоқтатыла тұруы мүмкін.

13. Қызметтік тексеру, егер оны тоқтата тұру үшін негіздер болмаса, уәкілетті басшының бұйрығымен қалпына келтіріледі.

14. Қызметтік тексеру барысында:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты, оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлар;
- 2) теріс қылық салдарының болуы мен сипаты;
- 3) келтірілген зиянның мөлшері;
- 4) теріс қылық жасаған тұлға;

5) қызметкердің жауаптылығын болдырмайтын, жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар;

6) теріс қылықты жасауга ықпал еткен себептер мен жағдайлар;

7) теріс қылық жасаған қызметкердің жеке басын сипаттайтын деректер;

8) қызметкердің теріс қылық жасаудағы кінәсі, теріс қылық жасау ниетінің немесе абайсыздықтың болуы және дәлелдері;

9) қызметкерді жауаптылықта тарту туралы шешім қабылдау үшін маңызы бар басқа да мән-жайлар анықталады.

15. Мыналар:

1) теріс қылық жасаған қызметкердің өкінуі;

2) қызметкердің өзінің теріс қылық жасағаны туралы басшыларға өз еркімен хабарлауы;

3) теріс қылық жасаған қызметкердің теріс қылықтың зиянды салдарын болдырмауы, келтірілген зиянды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

4) ауыр жеке немесе отбасы жағдайларының қалыптасуы кезінде теріс қылық жасау ;

5) мәжбүрлеу нәтижесінде теріс қылық жасау;

6) қажетті қорғаныстың зандылық шарттарын бұзған, қажетті қорғану жағдайында, құқыққа қарсы озбырлық жасаған адамды ұсташа, бұйрықты немесе комandanы орындау кезінде теріс қылық жасау тәртіптік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар болып табылады.

Қызметкерге жаза қолданатын басшы өзге де мән-жайларды жеңіл деп тануы мүмкін.

16. Мыналар:

1) басшының оны тоқтату туралы талабына қарамастан, құқыққа қарсы әрекетті (әрекетсіздікті) жалғастыру;

2) егер бірінші теріс қылық үшін қызметкерге жаза қолданылған болса және ол белгіленген тәртіппен алынбаса, осындай теріс қылықты қайтадан жасау;

3) теріс қылықты топ болып жасау;

4) бағынысындағы қызметкерді теріс қылық жасауга тарту;

5) ұлттық, нәсілдік және діни өшпендейтілік немесе қастандық себебі бойынша теріс қылық жасау;

6) басқа тұлғалардың занды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа теріс қылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында теріс қылық жасау;

7) олардың өзіне жүктеген міндеттерді орындауға байланысты лауазымды тұлғаларға немесе оның жақындарына ықпал ету жолымен теріс қылық жасау;

8) кезекшілікте, тәуліктік нарядтағы қызметте, арнаулы міндеттерді орындау кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде теріс қылық жасау;

9) алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан (оларға ұқсас) мас күйінде теріс қылыш жасау тәртіптік жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Осы Заңда аталмаған басқа мән-жайлар тәртіптік жауаптылықты ауырлататын болып танылмайды.

17. Қызметтік тексеру барысында оны жүргізу тапсырылған уәкілетті лауазымды адамның:

1) тәртіптік жазаға тартылған қызметкерден, сондай-ақ басқа да адамдардан жазбаша түсініктеме алуға;

2) қызметкердің теріс қылыш жасағандығын растайтын материалдарды жинақтауға;

3) тиісті құжаттармен танысу, қажет болған жағдайда олардың көшірмесін қызметтік тексеру материалдарына қосуға;

4) арнайы білімді қажет ететін мәселелер бойынша мамандардан қорытынды, түсіндірме және консультациялар алуға;

5) теріс қылыш жасалған жерге баруға құқығы бар.

18. Қызметкерлер қызметтік тексеруді жүргізуге тағайындалған уәкілетті лауазымды тұлғаға көмек көрсетуге міндетті және берілген мәліметтердің растығына дербес жауапты болады.

19. Қызметкердің теріс қылыш жасағандығы туралы фактіні растайтын немесе теріске шығаратын мәліметтер кез келген нысанда болуы мүмкін.

20. Егер қызметтік тексеру барысында қызметкердің теріс қылыштарында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар екендігі анықталса, басшы дереу жоғары тұрған басшыға баяндайды.

21. Қызметтік тергеп-тексеру аяқталған соң оның нәтижелері туралы тұжырымдары мен ұсыныстары бар қорытынды жасалады, ол қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді тағайындаған уәкілетті басшыға бекітуге ұсынылады.

Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері туралы қорытынды бекітілгеннен кейін уәкілетті лауазымды адам оған қатысты тергеп-тексеру жүргізілген қызметкерді – қорытындымен, сондай-ақ қызметкердің талап етуі бойынша қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен қолын қойғыза отырып таныстыруға міндетті.

Қызметкер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері туралы қорытындымен танысадан бас тартқан кезде тиісті акт жасалады. Оның бас тартуы қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері не тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың шығарылуын тоқтата түрмайды.

Жоғары офицерлік құрамға қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдары, сондай-ақ арнаулы атағын бір сатыға төмендету түріндегі тәртіптік жазаны қолдану мәселесін қарау туралы өтінішхат Қазақстан Республикасының Президентіне жіберіледі.

22. Өзіне қатысты қызметтік тексеру жүргізілген қызметкер:

1) жүргізілетін қызметтік тексерудің мәні бойынша жазбаша түсініктеме беруге;

- 2) өтініш айтуға, айғақтар және өзге де құжаттар ұсынуға;
- 3) қызметтік тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған арнаулы мемлекеттік орган басшысына немесе уәкілетті басшыға қызметтік тексеру жүргізетін қызметкерлердің шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға;
- 4) қызметтік тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен, егер бұл мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу талаптарына қайши келмесе, танысуға құқылы.

23. Осы Заңның негізінде теріс себептер бойынша жұмыстан шығаруға жататын, арнаулы атақты бір саты төмендету түріндегі тәртіптік жаза қолданылатын қызметкерлерге, сондай-ақ қызметтік тексеру тұжырымдары мен ұсыныстарына келіспейтін тұлғаларға қатысты қызметтік тексеру материалдары тәртіптік комиссияда қаралуға жатады.

24. Қызметтік тексеру жүргізілетін қызметкер жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан кезде тиісті акт жасалады. Оның бас тартуы қызметтік тексеруді жүргізуді тоқтатпайды. Бұл жағдайда қызметкер тәртіптік комиссияда тыңдалады.

Ескерту. 65-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-бап. Тәртіптік комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі

1. Тәртіптік комиссия теріс қылық жасаудың мән-жайларын жан-жақты, толық және обьективті түрде анықтау және оны жасаған адамды жазалау шарасы туралы ұсынымдар шығару мақсатында, қызметкердің теріс қылығына қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарау және фактілерді зерттеу үшін арнаулы мемлекеттік органдарда құрылатаң, тұрақты жұмыс істейтін алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Тәртіптік комиссияның мүшелері бөлімшениң жеке құрамының жиналыстарында неғұрлым тәжірибелі және беделге ие офицерлер арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады. Тәртіптік комиссия мүшелерінің саны тақ болуға және кемінде үш адам болуға тиіс, олардың біреуі төраға болып табылады.

3. Тәртіптік комиссияның құрамы уәкілетті басшының бұйрығымен бекітіледі. Тәртіптік комиссияның төрағасы болып уәкілетті басшы орынбасарларының біреуі тағайындалады. Бөлімшениң кадр аппаратының өкілі хатшы болып тағайындалады. Тәртіптік комиссияның хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

4. Уәкілетті басшылар мен олардың орынбасарларының теріс қылықтары арнаулы мемлекеттік органының тәртіптік комиссияларында қаралады. Жоғары офицерлердің

теріс қылыштары – жоғары офицерлер қатарынан ғана тұратын тәртіптік комиссияда, аға офицерлердің теріс қылыштары аға офицерлер қатарынан тұратын тәртіптік комиссияда қаралады.

5. Тәртіптік комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Тәртіптік комиссияның отырыстары тәртіптік комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі, бірақ кемінде үш адам болған кезде құқықты болады. Тәртіптік комиссияның мүшелері отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады.

6. Тәртіптік комиссияның мүшелері отырыстың өткізілетін күні, оның күн тәртібі туралы отырысқа дейін хабардар етілуге және отырыс материалдарымен таныстырылуға тиіс.

7. Тәртіптік комиссияның мүшесі өз бастығының, жақын туысының немесе жекжатының теріс қылышына қатысты, сондай-ақ егер тәртіптік комиссия мүшесінің тиісті шешім қабылдауға тікелей немесе жанама мүдделілігі бар деп пайымдауға негіздер болса, қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарауға және фактілерді зерттеуге қатысуға құқылы емес.

8. Тәртіптік комиссияның мүшелеріне қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария етуге тыйым салынады.

9. Тәртіптік комиссияның отырысына өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген қызметкердің қатысуы міндetti.

Өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген қызметкер тәртіптік комиссияның отырысына дәлелсіз себеппен келмеген жағдайда, бұл факт тәртіптік комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген қызметкердің тәртіптік комиссияның отырысына дәлелсіз себеппен келмеуі жаза қолдану туралы шешім қабылдау үшін кедергі болмайды.

10. Тәртіптік комиссия теріс қылышқа қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарайды және фактілерді зерттейді. Тәртіптік комиссия өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген қызметкердің және қызметтік тергеп-тексеруді жүргізген уәкілетті лауазымды адамдардың түсініктемелерін тыңдауы мүмкін.

Қажет болған кезде, тәртіптік комиссияның куәлар мен мамандарды тыңдауға, теріс қылышқа (оқиғаға) қатысты материалдарды сұратуға және кез келген фактіні зерттеуге құқығы бар.

11. Тәртіптік комиссияның ұсыныстары тәртіптік комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Тәртіптік комиссияның мүшелері өз пікірін айқын айтуда және дауыс беру кезінде қалыс қалмауға міндetti.

Дауыстар тең болған кезде төрағаның даусы шешуші болып табылады.

12. Тәртіптік комиссия қызметтік тергеп-тексеру материалдары келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде басшыға қызметкердің тәртіптік жауаптылығы туралы тиісті ұсыныстар енгізеді.

Тәртіптік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған тәртіптік комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшы қол қояды.

Ескерту. 66-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

67-бап. Тәртіптік комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

1. Тәртіптік комиссия мынадай функцияларды:

- 1) қызметкердің теріс қылыштары туралы қызметтік тексеру материалдарын қарауды;
- 2) жазалар түрлерін қолдану мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеуді және уәкілетті басшыға енгізууді жүзеге асырады.

2. Тәртіптік комиссия ез құзыреті шегінде функцияларды іске асыру мақсатында мыналарға:

- 1) теріс қылыш жасаған қызметкердің, куәгерлердің және қызметтік тексеру жүргізген лауазымды тұлғалардың түсініктерін тыңдауга;
- 2) материалдар, ақпарат сұратуға және теріс қылышқа (оқиғаға) қатысты кез келген фактілерді зерттеуге құқылы.

3. Тәртіптік комиссияның төрағасы:

1) тәртіптік комиссияны басқарады, оның жұмысына басшылық жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) тәртіптік комиссия отырыстарының күн тәртібін айқындайды;

3) қызметтік тексеру материалдары келіп түскен кезде тәртіптік комиссия отырысының уақытын айқындайды. Тәртіптік комиссияның төрағасы болмағанда оның үәкілеттік етуі бойынша отырыстарда тәртіптік комиссия мүшелерінің біреуі төрағалық етеді;

4) тәртіптік комиссияның отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны айқындайды.

4. Тәртіптік комиссияның хатшысы:

1) тәртіптік комиссия мүшелерін тәртіптік комиссия отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етеді;

2) тәртіптік комиссия отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

3) тәртіптік комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

4) тәртіптік комиссияның ұсыныстарын басшыға жібереді;

5) тәртіптік комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68-бап. Жаза қолдану тәртібі

Ескерту. 68-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Уәкілетті басшы қызметтік тергеп-тексеру материалдары мен тәртіптік комиссияның ұсыныстары негізінде жаза қолдану немесе қолданбау туралы тиісті шешім қабылдайды.

2. Қызметтік тексерудің нәтижелері бойынша уәкілетті басшы қызметтік тексеру жүргізуге тағайындалған лауазымды уәкілетті тұлға дайындауға жауапты болып саналатын бұйрық шығару жолымен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шараларды өзірлеуге және іске асыруға міндettі.

3. Теріс қылышқа жасаған қызметкерге тәртіптік жаза қолдану (кейінге қалдыруды құтпейтін жағдайларды қоспағанда) қызметтік тәртіпті бұзудың мән-жайын жақсы анықтау үшін теріс қылышқа анықталған сәттен бастап, кемінде үш тәулік өткеннен кейін жүргізіледі.

4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, жаза теріс қылышқа анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей және оның жасалған күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады.

Уәкілетті басшыға теріс қылышқтың жасалғаны туралы белгілі болған күн теріс қылышқа анықталған күн болып есептеледі.

Қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, бірақ қызметкердің әрекеттерінде теріс қылышқ, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде жаза қылмыстық іс тоқтатылған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін жаза теріс қылышқ анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылышқ жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Жаза қолдану мерзімінің өтуі мынадай:

- 1) қызметкер еңбекке уақытша қабілетсіз болған;
- 2) қызметкер еңбек демалысында немесе іссапарда болған;

3) қызметкөр даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру қурстарында және тағылымдамада болған;

4) қызметкөр өзінің теріс қылыш жасағаны туралы актілерге сот тәртібімен шағым жасаған;

5) арнаулы атағын бір сатыға төмендету түріндегі тәртіптік жазаны қолдану туралы мәселені қарау үшін жоғары офицерлік құрамға қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдары Қазақстан Республикасының Президентіне жіберілген жағдайларда тоқтатыла тұрады.

5. Қызметтегі, кәсіби-қызметтік даярлықты және тәrbие процесін ұйымдастыруды өлкөндердің қызметтік өзаралықтары үшін әскери, арнаулы оку орнын немесе шет мемлекеттің білім беру үйімін бітіргеннен кейін қызмет өткеру үшін келген қызметкерлерге тәртіптік жауаптылық шараларын лауазымға кірісеннен кейін кемінде алты ай өткен соң қолдануға рұқсат етіледі.

6. Бір-біріне бағынысты емес қызметкерлер жеке міндеттерді бірлесіп атқарған кезде, олардың қызметтік өзара қарым-қатынастары уәкілетті басшымен айқындалмаған жағдайда олардың лауазымы бойынша ұлkenі, ал тең лауазымдар кезінде әскери атағы бойынша ұлkenі бастық болып табылады және оған атқарып отырған лауазымы бойынша берілген тәртіптік құқықтарды пайдаланады.

Ескерту. 68-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

69-бап. Жазаларды жариялау тәртібі

1. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Тәртіптік жаза қолданғаны туралы бұйрық шыққаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қол қоюы арқылы тәртіптік жазаға тартылған қызметкерге жарияланады.

3. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықпен танысадан бас тарту арнаулы мемлекеттік органдың кадр бөлімшелері дайындастырын және қызметтік тексеру материалдарына тігілетін актімен ресімделеді.

4. Қолданылған жаза туралы аға офицерлерге жариялау кезінде – тек олардың басшылары, сондай-ақ аға және жоғары офицерлер, жоғары офицерлерге жариялау кезінде олардың басшылары және жоғары офицерлер қатыса алады.

5. Уәкілетті басшыларға және олардың орынбасарларына бағынысындағы адамдардың қатысуымен тәртіптік жаза жариялауға тыйым салынады.

6. Жазаны жариялаған кезде қызметкерге жазаға әкеп соқтырған себеп және құқық бұзушылықтың мәні көрсетіледі.

Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

70-бап. Жазаны алу

1. Қызметкердің:

1) оған соңғы жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткенге дейін тиісті уәкілетті басшы көтермелеге тәртібімен жазаны алып тастағаннан кейін;

2) осы Заңның 28-бабы 2-тармағының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған соңғы жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін жазасы жоқ болып саналады.

2. Жазаны көтермелеге тәртібімен алу осы жазаны қолданған уәкілетті басшының немесе жоғары тұрған басшының жазбаша бүйрық шығаруы арқылы жүргізіледі.

3. Бұрын жоғары тұрған басшы қолданған жазаны бағынысты адамнан көтермелеге тәртібімен алу үшін қызметкердің тікелей басшысы тиісті өтініш енгізеді.

Осы жазаны қолданған уәкілетті басшы аталған өтінішті оны алған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмейтін мерзімде қарауға міндетті.

4. Қызметкер қызметтен шығарылған күні алынбаған жаза ол қызметтен шығарылған күннен бастап алынған болып саналады.

5. Жазаларды алу қызметкердің жеке ісінде тиісті жазбамен ресімделеді.

6. Егер қызметкерге қолданылған жаза көтермелеге тәртібімен алынбаса, алты ай өткен соң "Жазалар" бөлімінің тиісті бағанында мерзімінің өтуі бойынша жазаның алынғаны туралы белгі жасалады.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

71-бап. Қызметкерлерді тәртіптік жауаптылыққа тарту кезіндегі олардың құқықтарының кепілдіктері

1. Қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тартуға:

1) теріс қылық фактісі болмаған жағдайда;

2) егер оның іс-әрекеті (әрекетсіздігі) құқыққа қарсы болып табылmasa;

3) дәл сондай тәртіптік теріс қылық үшін қайтara;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі кезінде;

4-1) ол еңбекке уақытша қабілетсіз болған кезенде;

4-2) ол еңбек демалысында немесе іссапарда болған кезенде;

4-3) ол даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған жағдайда;

5) қызметтен шығаруға байланысты оны жеке құрам тізімінен шығарған жағдайда жол берілмейді.

2. Қызметкер тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықпен келіспеген жағдайда, ол осы бұйрыққа арнаулы мемлекеттік органның жоғары түрған бөлімшесіне, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жазбаша нысанда шағым жасауға құқылы.

3. Алып тасталды - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

4. Арнаулы мемлекеттік органның жоғары түрған бөлімшесінің басшысы шағымды қараудың нәтижелері бойынша бір ай мерзімде мынадай:

1) қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықты өзгеріссіз қалдыру туралы;

2) қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы осы Заңның талаптары бұзыла отырып шығарылған бұйрықты жою және заңсыз жазаны қолданған уәкілетті басшыны жауаптылыққа тарту туралы;

3) егер жаза осы Заңның талаптары сақтала отырып шығарылса, бірақ жасалған теріс қылыштың ауырлығына сәйкес келмесе, неғұрлым қатаң жаза қолдану туралы жаңа бұйрық шығару туралы шешімдердің біреуін шығаруға міндettі.

5. Жаза қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтатады.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-тапау. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АҚШАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

72-бап. Ақшалай қамтамасыз ету

1. Қызметкерлер Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес белгіленетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.

2. Ақшалай үлес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақшалай қамтудан (лауазымдық айлықақы және арнаулы атағы бойынша айлықақы), қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылардан және басқа да үстемеақылардан тұрады.

Қызметкерлерге ақшалай ризық:

1) осы Заңның 33-бабы 4-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда штаттық емес лауазымдарда қызмет өткериу кезеңдері үшін;

- 2) қамауда немесе құзетпен ұстауда болған кезеңдері үшін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда төленбейді.

3. Қызметкер осы Заңның 33-бабы 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген уәкілетті басшының қарамағында болған жағдайларда ол соңғы қарамағына шыққанға дейін атқарған лауазымы бойынша ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

Осы Заңның 33-бабы 4-тармағының 3) және 4) тармақшаларында және 64-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда қызметкерге атағы бойынша айлықақы төленеді.

4. Қызметкерлерге жыл сайынғы демалыс беріле отырып, демалысының ұзақтығына қарамастан, екі лауазымдық айлықақы көлемінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

Қызметкер теріс себептер бойынша қызметтен шығарылған жағдайда, ол сауықтыруға арналған жәрдемақы сомасын қызмет өткермеген уақытына пропорционалды түрде өтеуге міндетті.

Қызметкерге жыл сайынғы демалыс бөлініп берілген жағдайда сауықтыруға арналған жәрдемақы демалысының бірінші бөлігінде төленеді.

5. Қызметкерлердің лауазымдық айлықақысы мен сауықтыру жәрдемақысын есептеу үшін ақшалай қамтамасыз етудің және қызмет (жұмыс) өтілін айқындаудың тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

**Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

73-бап. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

1. Қызметкерлерге (жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағындағы қызметтік тұрғынжайда тұратын қызметкерлерден, сондай-ақ курсанттардан, тындаушылардан басқа) тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы республикалық бюджет туралы занда белгіленген мөлшерде, арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен төленеді.

2. Қызметкерлерді зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік сактандыру, жәрдемақылардың өзге де тұрларін төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге бюджеттік қаражат есебінен зейнетақы тағайындауды, қызметкерлер қатарынан қайтыс болған зейнетақы алушылардың отбасына жерлеу үшін біржолғы төлемдер мен біржолғы жәрдемақылар беруді қызметкерлер жұмыстан шыққан күнге қызмет өткерген тиісті арнаулы мемлекеттік органдардың уәкілетті бөлімшелері жүзеге асырады.

Зейнетақы төлемдерін алушының мәртебесі тиісті арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілеген нысан бойынша зейнетақы куәлігімен расталады.

3. Қызметкерлер қызметті өткериу ерекшеліктері ескеріле отырып және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітетін нормалар бойынша мемлекет есебінен арнаулы киім нысанымен және басқа да заттай мулікпен қамтамасыз етіледі.

Қызметкерлерге (курсанттардан, тындаушылардан басқа) алынбай қалған заттай муліктердің орнына арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен ақшалай өтемеңдері.

4. Қызметкерлердің жекелеген санаттары қызмет өткериу ерекшеліктері ескеріле отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен азық-түлік үлесінің нормалары бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

Қызметкерлердің жекелеген санаттарын тамақпен қамтамасыз ету тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

Азық-түлік үлесінің белгіленген нормалары бойынша тамақпен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған кезде қызметкерлердің жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен ақшалай өтемеңдері.

5. Қызметкерлердің (курсанттардан, тындаушылардан басқа) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша көліктे жүргені үшін:

медициналық көрсетулер бойынша стационарда емделуге жол жүру және кері қайту;

арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілеген тәртіппен берілген жолдама негізінде медициналық тексеруге (куәландыруға) жол жүру және кері қайту;

қызмет бойынша ауыстыру;

осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметтен шығарылу кезінде жолақы шығындарын өтетуге құқығы бар.

Шығындарды өтеу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша жүргізіледі. Шығындарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Бір елді мекеннен қашықтығы бір жұз километрден астам жердегі екіншісіне көшумен байланысты қызметтің ауыстырған кезде қызметкерлерге (курсанттардан, тындаушылардан басқа) қызметкердің өзіне екі айлық ақшалай қаражат көлемінде және онымен бірге көшкен отбасының әрбір мүшесіне жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілейтін көтерме жәрдемақы төленеді.

Осы тармақта қызметкерлердің отбасы мүшелері деп:

1) жұбайы (зайыбы);

2) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған баланы (балаларды) қоспағанда, баласы (балалары), оның ішінде ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласы (балалары);

3) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) қоспағанда, жасына қарамастан, ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүгедектігі бар баласы (мүгедектігі бар балалары), оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адам (мүгедектігі бар адамдар) түсініледі.

Бұл ретте, егер ерлі-зайыптылардың екеуі де қызметкерлер немесе олардың біреуі әскери қызметші болып табылса, онда әрбір отбасы мүшесіне бір айлық ақшалай қаражатының жартысы мөлшеріндегі отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаитын тәртіппен олардың біреуіне ғана төленеді.

7. Осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметкерлердің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) қызмет бабымен аудысқан және қызметтен шығарылған кезде жеке мұлқін тасымалдау шығындарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен автомобиль жолының әрбір жиырма километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтетуге құқығы бар.

Ескерту. 73-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

74-бап. Қызметкерлерді баспанамен қамтамасыз ету

Қызметкерлер (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

75-бап. Қызметкерлерді медициналық қамтамасыз ету

1. Қызметкерлерді медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының және Мемлекеттік құзет қызметінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде, сондай-ақ өзге де денсаулық сақтау субъектілерінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Тізбесін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы бекітетін қызметкерлердің жекелеген санаттарына медициналық көмек Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медициналық ұйымдарында:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы айқындастын түрлер бойынша және көлемдерде бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

1-1. Қызметкерлердің қызмет өткеру орнында немесе тұрғылықты жерінде әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша қызметкерлерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Қызметкерлерге осы тармақтың бірінші белгінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген медициналық көмекті көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметкерлерге медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шығындарын өтеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткеріп жүрген қызметкерлерге емделу үшін жұмсалған қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен өтеледі.

3. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткеру барысында зақым, контузия, жарақаттар алған немесе ауырған қызметкерлер өздері қызметін өткерген арнаулы мемлекеттік органдар қаражаты есебінен санаториялық-курорттық емделуге жіберіледі.

4. Қызметкер қызметке келе алмайтын жағдайда ауырғандығын кез келген мүмкін тәсілмен өзінің тікелей бастығына хабарлауға міндетті.

5. Қызметкерді қызмет міндептерін (қызметтік міндептерін) атқарудан ішінара немесе толық босату туралы дәрігердің ұсынымдары лауазымды тұлғалардың міндепті түрде орындауына жатады.

Ескерту. 75-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

76-бап. Қатардағы жауынгер және сержант лауазымдарында қызметтің өткеріп жүрген қызметкерлерді әлеуметтік қорғау ерекшеліктері

1. Аrnaулы мемлекеттік органдарда қатардағы және сержанттық құрам лауазымдарында қызмет өткеріп жүрген, Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйіміна қабылдау туралы бұйрық шыққан күні күнтізбелік есептеу бойынша кемінде сегіз жыл қызмет еткен қызметкерлердің аталған үйімда ақылы негізде оқуға жұмсалатын шығындарды оқу құнының елу пайызы мөлшерінде бюджет қаражаты есебінен өтетуге құқығы бар. Аталған женілдік осы оқу орнын бітіргендігі туралы дипломды ұсынған кезде бір рет қолданылады.

2. Қызметкерге аталған шығындарды өтеуді қызметкер қызметтің өткеріп жүрген аrnaулы мемлекеттік орган жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға арналған шығындарды өтетуге құқығы бар қызметкерлер қабылданған Қазақстан Республикасының білім беру үйімдары көрсетілген аrnaулы мемлекеттік органдарға қаржыландыруды ашу үшін қызметкерлердің білім беру үйіміна қабылдау бұйрығының қуәландырылған көшірмесін жолдайды.

Қызметкерді басқа білім беру үйіміна ауыстырған кезде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға арналған шығындарды өтеу мөлшері түзетілуге тиіс.

4. Қызметкерге академиялық демалыс берілген кезде академиялық демалыс берілген кезеңге оқуын қаржыландыру тоқтатыла тұрып, қызметкердің Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға арналған шығындарды өтету құқығы сақталады.

5. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқуға арналған шығындарды өтетуге құқығы бар қызметкерге оқыған (оқып жүрген) білім беру үйімі таратылған және қайта құрылған, қызметі тоқтатылған, лицензиясынан айырылған кезде басқа жоғары оқу орындарында қаржыландыруды жалғастыруға кепілдік беріледі.

6. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 76-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 12.12.2017 № 114-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

77-бап. Курсанттарды, тындаушыларды әлеуметтік қорғау ерекшеліктері

1. Курсанттар, тындаушылар қызмет өткеру ерекшеліктері ескеріле отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша мемлекет есебінен арнаулы нысандағы киіммен және басқа да заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

2. Казармалық жағдайдағы курсанттар, тындаушылар қызметті өткеру ерекшеліктері ескеріле отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен азық-түлік үлесінің нормалары бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

3. Бірінші және екінші курстар курсанттарына, тындаушыларына пошталық жөнелтімдері үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындастын мөлшерде қаржылай өтемеңді.

3-1. Курсанттардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін курсанттар қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындастын тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.

4. Курсанттардың, тындаушылардың бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша:

1) стационарлық емделуге барған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, әуе, су және автомобиль көлігінде;

2) осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған кезде, сондай-ақ демалысқа және тағылымдамадан өтуге барған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көлігінде жол жүргүре (жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін және кері) жүмсалған шығындарын өтетуге құқығы бар.

Шет мемлекеттің білім беру үйимдарында білім алып жатқан курсанттарға, тындаушыларға да оқуға жіберілген, тағылымдамадан өтуге, каникулдық демалысқа

барған кезде мемлекет есебінен (жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін және кері) әуе, теміржол, су және автомобиль көлігінде жол жүру құқығы беріледі.

Әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

5. Курсанттарға, тыңдаушыларға олар демалысқа кеткенде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемақы төленеді.

6. Курсант, тыңдаушы не ол қызмет өткеруі кезеңінде алған жарақаттануы (контузия алуы), ауыруы салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның мұрагерлеріне 500 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

7. Курсантқа, тыңдаушыға арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткеру кезеңінде алынған немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызметін өткерумен байланысты контузия алуы, зақымдануы, ауыруы нәтижесінде болған мүгедектік белгілengенде қызметтен босатылғанына бір жыл өткенге дейін мынадай мөлшерлерде:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 250 айлық есептік көрсеткіш;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 150 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

8. Курсант, тыңдаушы арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке душар етпеген ауыр жарақат (жаралану, зақымдану, контузия) алған жағдайда – оған:

ауыр жарақат үшін – 12 айлық есептік көрсеткіш;

женіл жарақат үшін – 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

9. Біржолғы өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

10. Курсанттың, тыңдаушының қаза табуы (қайтыс болуы) немесе оның мертігіүі:

1) өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайларды қоспағанда, егер өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде;

2) ол қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кезде;

3) алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан (оларға үқсас заттардан) масаң болуды туыннататын заттарды пайдалану немесе қолдану нәтижесінде;

4) біржолғы өтемақы алу немесе қызметтен жалтару мақсатымен өзіне қасақана қандай да бір дene зақымын келтіру (дene мүшесін зақымдау) немесе өз денсаулығына өзгедей зиян келтіру нәтижесінде;

5) курсанттың, тыңдаушының келісімшарт талабын бұзған іс-әрекеті нәтижесінде болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

11. Қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан денсаулық жағдайы бойынша қызметтөн шығарылған курсанттарға, тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

12. Курсант, тыңдаушы қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза тапқан (қайтыс болған) курсанттың, тыңдаушының отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем балаларға (оның ішінде асырап алған балаларына, бірге тұратын өгей балаларына) – олар көмелеттік жасқа толғанға дейін немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқу орнын күндізгі нысанда аяқтағанға дейін жиырма үш жастан аспайтын шекте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақылардың төленуіне қарамастан, жұбайына (зайыбына) өмір бойы төленеді.

Ескерту. 77-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

78-бап. Қызметкердің отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау

1. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің, сондай-ақ олардың асырауындағы адамдардың әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде медициналық көмекке құқығы бар.

Медициналық көмек көрсетеу бойынша әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақы алынбайтын жағдайларды қоспағанда, амбулаториялық емделу кезінде отбасы мүшелеріне дәрі-дәрмек ақысы төленіп беріледі.

3. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген құқықтары арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен денсаулық жағдайына (қызметтік міндettterін атқару кезінде алған ауруына, мертігуіне, мүгедектігіне), сондай-ақ қызметте болудың шекті жасына толуына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған және құнтізбелік жиырма және одан да көп енбек сінірген жылдары бар қызметкерлердің отбасы мүшелеріне қолданылады.

4. Қызметкерлердің (курсаннтардан, тындаушылардан басқа) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелеріне, осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкер орын ауыстырған кезде, сондай-ақ қызметкер қызметтен шығарылған кезде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша Қазақстан Республикасы аумағында жүрген көлікпен жүргені үшін шығындары өтеледі.

Қызметкердің орнын ауыстырған кезде, сондай-ақ қызметкерді қызметтен босатқан кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікпен жүргені үшін шығындарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Қызмет өткери кезінде қайтыс болған немесе мүгедектік алған қызметкердің отбасы мүшелерінің осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес медициналық көмек алу құқығы сақталады.

6. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің отбасы мүшелерінің қаза тапқан (қайтыс болған) адамның енбек сінірген жылдарына қарамастан, тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайды өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.

7. Қызмет өткери кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары әскери мектеп-интернаттарға және кадет корпустарына конкурстан тыс

қабылдану құқығын пайдаланады, ал оқуға түсушілер үшін белгіленген талаптар бойынша баллдың шекті деңгейін жинағандар, Қазақстан Республикасының әскери, арнаулы оқу орындарына конкурстан тыс қабылданады.

8. Қызметкерлердің, оның ішінде қызмет өткери кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен қызметкерлердің балаларына жергілікті атқаруышы органдар тұрғылықты жері бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орын береді, оған ақы төлеу мемлекеттік мектеп жасына дейінгі мекемелер үшін белгіленген мөлшерде алынады.

9. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатарынан еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға алушы қайтыс болған қүнге еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің үш айлық мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

Қызметкерлер қатарынан еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алған қайтыс болғандардың отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты жәрдемақының тағайындалуына қарамастан, біржолғы жәрдемақылар: әйеліне (куйеуіне) – қайтыс болған қүніне оған төленетін еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің үш айлық мөлшерінде және отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне асыраушының еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің бір айлық мөлшерінде төленеді.

Осы тармақта көзделген біржолғы жәрдемақының мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелері қатарына: жасына және еңбек қабілеттілігіне қарамастан, әйелі (куйеуі); он сегіз жасқа толмаған немесе, егер оларға он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленсе немесе олар асыраушысы қайтыс болған қүнге білім беру ұйымдарында құндізгі оқу нысаны бойынша білім алып жатса және жиырма үш жасқа толмаған болса, осы жастан үлкен балалары; қайтыс болғанның асырауында болған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен не мүгедектігі бар адам болып табылатын ата-анасы кіреді.

10. Осы баптың 5 және 7-тармақтарында көзделген жеңілдіктер ұлттық қауіпсіздік органдарының, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін әскери қызмет өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) не мүгедектік алған әскери қызметшілерінің отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады.

Ескерту: Осы бапта қызметкерлердің отбасы мүшелері деп түсініletіндер: жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе бірінің кәмелетке толмаған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары; білім беру ұйымдарының құндізгі бөлімінде оқитын жиырма үш жасқа дейінгі (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа дейін мүгедектік белгіленген (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы)

мүгедектігі бар балалары және жұбайының (зайыбының) мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы.

Осы бапта асырауындағы адам ретінде оның табысы есебінен өмір сүретін және жеке табыс көзі жоқ қызметкердің отбасы мүшесі танылады.

11. Қызметкер қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем балаларға (оның ішінде асырап алған балаларына, бірге тұратын өгей балаларына) – олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқу орнын күндізгі нысанда аяқтағанға дейін жиырма үш жастан аспайтын шекте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақылардың төленуіне қарамастан, жұбайына (зайыбына) өмір бойы төленеді.

Ескерту. 78-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

79-бап. Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

1. Қызметкерлерге (курсанттардан, тындаушылардан басқа) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен:

1) қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы немесе штаттың қысқартылуы бойынша қызметтен шығарылғанда:

күнтізбелік есептеу бойынша мынадай еңбек сіңірген жылдары барларға:

10 жылдан 15 жылға дейін – төрт айлық ақшалай қаражат;

15 жылдан 20 жылға дейін – бес айлық ақшалай қаражат;

20 жылдан 25 жылға дейін – алты айлық ақшалай қаражат;
25 жылдан 30 жылға дейін – жеті айлық ақшалай қаражат;
30 жылдан жоғары – сегіз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

2) 10 жылдан аспайтын еңбек сінірген жылдары барларға денсаулық жағдайы және штаттың қысқартылуы бойынша шығарылғанда үш айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

1-1. Қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттарды қысқартуға байланысты еңбек сінірген жылдары үшін зейнетакы төлемін алу құқығының қызметтен шығарылған офицерлік құрам қызметкерлеріне жұмыстан шығу жәрдемақысымен қатар арнаулы атақ бойынша айлықақылар төлеу қызметтен босатылған күннен бастап бір жыл бойына сақталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде қызмет атқарып жүрген қызметкерлерге арнаулы атақ бойынша айлықақылары өсетін болса, тиісінше офицерлік құрамның қызметкерлеріне қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл өткенше төленетін осы айлықақылар мөлшерлері де ұлғаяды.

2. Эскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке қайтадан (кейіннен) қабылданған қызметкер қызметтен шығарылған кезде біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау үшін қызметтің жәрдемақы төленбеген кезеңі қолданылады.

3. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткери кезеңінде Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік наградаларымен – ордендерімен марапатталған қызметкерлерге берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшері екі айлық ақшалай қаражатқа ұлғайтылады.

4. Эскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде мемлекет есебінен медициналық қамтамасыз етілу және санаторийлік-курорттық емделу құқығы арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен:

1) денсаулық жағдайына (қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған ауруына, мертігуіне, мүгедектігіне) байланысты шығарылған;

2) денсаулық жағдайына (қызмет өткери кезеңінде алған ауруына, мертігуіне, мүгедектігіне) байланысты шығарылған және күнтізбелік жиырма және одан да көп еңбек сінірген жылдары бар;

3) қызметте болудың шекті жасына жеткеннен кейін шығарылған және күнтізбелік жиырма және одан да көп еңбек сінірген жылдары бар;

4) штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған және күнтізбелік жиырма және одан да көп еңбек сінірген жылдары бар қызметкерлерде сақталады.

Олардың тұрғылықты жерінде әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдық болмаған кезде медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Осы тармақта көрсетілген адамдарға медициналық көмек көрсету бойынша әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асырады.

Көрсетілген адамдарды санаториялық-курорттық емдеу және оларды дәрілік қамтамасыз ету арнаулы мемлекеттік органдарға көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдардың, әскери іс-қимылдардың және бітімгершілік операцияларына басқа да қатысушылардың, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтік міндettтерін атқару кезінде алған жаралануы, контузия алуы, жарақаттануы, мертігүі немесе ауруы салдарынан мүгедектік алып, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылғандардың медициналық қамтамасыз етуге және санаториялық-курорттық емделуге бірінші кезекті құқығы бар.

ЕскеRTу. 79-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

80-бап. Қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда берілетін өтемақылар

1. Қызметкер қызмет өткериу кезеңінде немесе қызмет өткерген кезеңде алған жарақаты (контузиясы), ауруы салдарынан қызметтен шығарылғаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оның мұрагерлеріне қаза тапқан күні немесе

қызметтөн шығарылған күні соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай жабдықталым мөлшерінде біржолғы өтемақы төлеу жүргізіледі.

2. Қызметкер қызмет өткери кезеңінде немесе қызмет өткерумен байланысты контузия, мертігу, ауыру салдарынан қызметтөн шыққаннан кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген жағдайда біржолғы өтемақы:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;
екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;
үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді.

3. Қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпайтындау ауыр мертіккен (жараланған, жарақат, контузия алған) жағдайда оған бір жарым айлық ақшалай қаражат; женіл мертіккен жағдайда жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

4. Біржолғы өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді

4-1. Арнаулы мемлекеттік органдардан қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан денсаулық жағдайы бойынша шығарылған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

5. Қызметкердің қаза табуы (қайтыс болуы) немесе алған мертігуі:

1) өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайды қоспағанда, өзіне-өзі қол жұмсауы нәтижесінде;

2) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кезде;

3) алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң болуын туындалатын заттарды (оларға ұқсас заттарды) қолдану нәтижесінде;

4) біржолғы өтемақы алу немесе қызметтөн жалтару мақсатымен өзіне қасақана қандай да бір дene зақымын келтіру (дene мүшесін зақымдау) немесе өз денсаулығына өзгедей зиян келтіру нәтижесінде;

5) қызметкердің келісімшарт талаптарын бұзған әрекеттері нәтижесінде болғаны Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

Ескерту. 80-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

81-бап. Жерлеу шығындарының өтемақысы

1. Қызмет өткериу кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақат алу, контузия), ауруы салдарынан қайтыс болған қызметкерлерді жерлеу қызмет өткерген жерінде немесе олардың туған-туысқандарының қалауы бойынша басқа жерде жүргізіледі. Мәйітті тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты барлық шығыстар қызметкерлер қызмет өткерген арнаулы мемлекеттік органдардың қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Ұкіметі белгілеген мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Қызмет өткериу кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

Қызметкерлерді жерлеу кезінде құрмет көрсету арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Көрсетілген ережелер арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметінің жалпы ұзақтығына қарамастан, 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына, басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына және бітімгершілік операцияларға қатысуышыларға қолданылады.

Осы баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің ережесі қызметте болудың шекті жасына жеткеннен кейін, денсаулық жағдайына байланысты немесе штаттардың қысқартылуына байланысты қызметтен шығарылған, қызметінің жалпы ұзақтығы жиырма бес жыл немесе одан да көп болатын адамдарға, сондай-ақ қызметінің жалпы ұзақтығына қарамастан, терроризмге қарсы операцияларға қатысуышыларға қолданылады.

Ескерту. 81-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

82-бап. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары

1. Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған қызметкерлерді жұмысқа орналастыру, олардың мамандық алуы, арнаулы мемлекеттік органдардағы зейнетақы алу құқығынсыз қызметтен шығарылған адамдарды жұмыспен қамту Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары өздері белгілеген тәртіппен қызметкерлердің жекелеген санаттарына олардың қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметіндегі өтілін еңбек сіңіру жылдарына есептеуі мүмкін.

3. Климаттық және экологиялық жағдайлары ауыр жерлердегі қызмет мерзіммен шектеледі және оны өткериу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-тарау. АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

83-бап. Арнаулы мемлекеттік органдарды қаржылық қамтамасыз ету

1. Арнаулы мемлекеттік органдарды қаржылық қамтамасыз ету:
республикалық бюджет қаражаты есебінен;

медициналық көмек көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін астыртын (жасырын) нысанда жүзеге асыруға байланысты шығыстарды қаржыландауды тәртібі арнаулы мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 83-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

84-бап. Арнаулы мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және олардың мүлкі

1. Арнаулы мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету:
республикалық бюджет қаражаты есебінен;

медициналық көмек көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың мүлкі республикалық мүлік болып табылады және жедел басқару құқығында болады.

3. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтік тұрғынжайлары болады, оларды қалыптастыру және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Мүлікті беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

Арнаулы мемлекеттік органдарды мүлікпен жабдықтау нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындейды.

5. Арнаулы мемлекеттік органдар бейбіт уақытта пайдаланбаған жылжымайтын мұлік бюджет қаражаты есебінен консервациялауға жатады немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мұліктік жалдауға (жалға алуға) берілуі мүмкін.

5-1. Жеке және заңды тұлғалардың арнаулы мемлекеттік органдар алдындағы тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі шарттық міндеттемелерін тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен орындаудың қамтамасыз ету мақсатында ғимараттарды, асхана үй-жайларын және олардағы мұлікті тамақтандыруды ұйымдастыру туралы шарттың мерзімі шегінде мұліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру жүзеге асырылады.

6. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған немесе құрылатын ұйымдар жекешелендіруге жатпайды.

Ескерту. 84-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

85-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметкермен жасасқан әскери қызметті өткери туралы келісімшарттар олар жасаған мерзім ішінде қолданылады.

2. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. 2011 жылғы 30 қарашаға дейін "подполковник" әскери атағы берілген қызметкерлерге аталған әскери немесе арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі бес жыл болып белгіленеді.

4. Осы Заңның қабылдануына байланысты әскери қызметтен арнаулы мемлекеттік органдарға ауыстырылған және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен әскери қызметте тұрудың шекті жасы өзгертілген қызметкерлер мынадай шекті жастарға жеткенде қызметтен шығуға немесе отставкаға кетуге құқылы:

- 1) подполковнику дейін қоса алғанда – қырық бес жас;
- 2) полковнигерге – елу үш жас;
- 3) әскери атақ 2005 жылғы 21 шілдеге дейін берілген полковнигерге – елу жас;

- 4) генерал-майорларға және генерал-лейтенанттарға – елу сегіз жас;
- 5) әскери атақ 2005 жылғы 21 шілдеге дейін берілген генерал-майорларға және генерал-лейтенанттарға – елу бес жас;
- 6) генерал-полковниктерге – алпыс жас.

4-1. "Аға прaporщик", "прапорщик", "старшина", "ұшінші сыныпты сержант", "екінші сыныпты сержант", "бірінші сыныпты сержант", "штаб-сержант" не "шебер-сержант" әскери атақтары берілген қызметкерлер арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті осы Заңда сержанттар құрамы үшін көзделген тәртіппен және шарттармен өткереді. Бұл ретте олардың арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте болуының шекті жасы, қоса алғанда қырық жеті жасқа дейінгі жасты құрайды.

4-2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап және 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін подполковник арнаулы атағы берілген қызметкерлер шекті жасқа – қырық жеті жасқа толғанда қызметтен шығуға немесе отставкаға кетуге құқылы.

5. Қызметкерлер (курсанттарды, тыңдаушыларды қоспағанда) "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңында әскери қызметшілер үшін көзделген тәртіппен 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

6. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде қызметтік тұрғын жаймен не қызметтік тұрғын жайфа теңестірілген тұрғын жаймен қамтамасыз етілген қызметкерлер осы тұрғын үйде тұру құқығын, сондай-ақ оны "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңында әскери қызметшілер үшін көзделген жекешелендіру құқығын сақтайды.

Ескерту. 85-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 483-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

86-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ